



---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**  
**Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету**  
**жүйесі**

**МЕТРОЛОГИЯ**

**Терминдер мен анықтамалар**

**МЕТРОЛОГИЯ**

**Термины и определения**

**ҚР СТ 2.1-2018**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**  
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**  
**Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету**  
**жүйесі**

**МЕТРОЛОГИЯ**

**Терминдер мен анықтамалар**

**ҚР СТ 2.1-2018**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**  
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**

**АЛҒЫСӨЗ**

**1** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2018 жылғы 14 қарашадағы № 333-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы стандарт РМГ 29-2013 «Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Метрология. Негізгі терминдер мен анықтамалар» мемлекетаралық стандарттау нұсқаулығының талаптарын есепке алып әзірленген

**4** Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603, «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-ІІ, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Қазақстан Республикасы Заңдарының ережелері іске асырылған

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2024 жылы  
5 жыл**

**6 ҚР СТ 2.1-2009 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

**Мазмұны**

1	Қолданылу саласы	1
2	Метрология және оның бөлімдері	1
3	Шамалар мен бірліктер	2
4	Өлшем	9
5	Өлшеу нәтижелері	14
6	Өлшеуіш техника құралы	25
7	Өлшем құралдарының қасиеттері мен метрологиялық сипаттамалары	31
8	Эталондар	40
9	Метрологиялық бақылап тексеру	45
	Орыс тіліндегі терминдердің әліпбилік көрсеткіші	55
	Қазақ тіліндегі баламалардың әліпбилік көрсеткіші	63
	Ағылшын тіліндегі баламалардың әліпбилік көрсеткіші	70
	Библиография	78



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ****Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі****Метрология****Терминдер мен анықтамалар****Енгізілген күні 2019-07-01****1 Қолдану саласы**

Осы стандарт метрология саласындағы ұғымдардың негізгі терминдері мен анықтамаларын белгілейді.

Осы стандарт құжаттамалардың барлық түрлерінде, стандарттау жөніндегі жұмыс саласына кіретін және (немесе) осы жұмыстардың нәтижелерін пайдаланатын метрология жөніндегі ғылыми-техникалық, оқу және анықтамалық әдебиеттерде қолдануға арналған.

Әр ұғымға бір стандартталған термин белгіленген.

Стандартта кейбір жеке стандартталған терминдер үшін, оларды әртүрлі түсіндіру мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда қолдануға рұқсат етілетін, олардың қысқаша түрлері келтірілген.

[1]-де қамтылған терминдер үшін ағылшынша атаулар келтірілген.

Стандартта стандартталған терминдердің ретіне қазақ тілінде (Қ) және ағылшын (Е) тілінде баламалары келтірілген.

**2 Метрология және оның бөлімдері****2.1 Метрология;**

*Р: метрология;*

*Е: metrology;*

Өлшемдер, олардың бірлігін қамтамасыз ету әдістері мен құралдары және қажетті дәлдікке жету тәсілдері туралы ғылым.

**2.2 Теориялық метрология;**

*Р: теоретическая метрология;*

*Е: theoretical metrology;*

Метрологияның іргелі негізін әзірлейтін метрология бөлімі.

Ескертпе – Кейде «іргелі метрология» термині қолданылады.

**2.3 Заңнамалық метрология;**

*Р: законодательная метрология;*

*Е: legalmetrology;*

Уәкілетті орган атқаратын қызметке жататын және бірліктерге, өлшеу әдістеріне, өлшем құралдарына және өлшеу зертханаларына қатысты мемлекеттік талаптарды қамтитын метрологияның бөлімі.

**2.4 Тәжірибелік (қолданбалы) метрология;**

*Р: практическая (прикладная) метрология;*

## ҚР СТ 2.1-2018

*E: practical (applied) metrology;*

Мәні – теориялық метрология әзірлемелері мен заңнамалық метрология ережелерін тәжірибелік қолдану мәселелері болып табылатын метрология бөлімі.

### 3 Шамалар мен бірліктер

#### 3.1 Шама;

*P: величина;*

*E: quantity;*

Көптеген объектілер немесе құбылыстар үшін сапалық қатынаста ортақ, бірақ сандық қатынаста олардың әрбірі үшін жеке, материалдық объектінің немесе құбылыстың қасиеті.

#### 3.2 Шаманың өлшемі;

*P: размер величины;*

*E: size of quantity;*

Белгілі бір материалдық объектіге немесе құбылысқа тән шаманың сандық анықталуы.

#### 3.3 Шаманың тегі;

*P: род величины;*

*E: kind of quantity, kind;*

Шаманың сапалық анықтылығы.

#### **Мысалдар**

1 Бөлшектің ұзындығы мен диаметрі – біртекті шамалар.

2 Бөлшектің ұзындығы мен массасы – біртекті емес шамалар.

Ескертпе – Біртекті шамалар осы шамалар жүйесінің шеңберінде шаманың бірдей өлшемділігінде болады. Алайда бірдей өлшемділіктегі шамалар біртекті болуы міндетті емес.

#### 3.4 Шаманың мәні;

*P: значение величины;*

*E: quantity value; value of a quantity, value;*

Шама өлшемін кейбір қабылданған бірліктер саны немесе өлшемдердің тиісті шкаласы бойынша сандар, баллдар түрінде көрсету.

#### 3.5 Шаманың сандық мәні;

*P: числовое значение величины;*

*E: numerical quantity value; numerical value of a quantity, numerical value;*

Шаманың мәніне кіретін дерексіз сан.

#### 3.6 Шамалар жүйесі;

*P: система величин;*

*E: system of quantities;*



Бір шамалар шартты түрде тәуелсіз қабылданған, ал басқалары тәуелсіз шамалардың функциялары ретінде анықталған кезде қабылданған қағидаларға сәйкес туындаған олардың арасындағы байланыс теңдеулерінің келісілген жиынтығы.

Ескертпелер

1 С. Роквелл шкаласы бойынша өлшенетін қаттылық секілді реттік шамалар, әдетте олар өзге шамалармен тек эмпирикалық қатынастар арқылы байланысқандықтан шамалар жүйесіне жатады деп қаралмайды.

2 Шамалар жүйесінің атауында негізгі деп қабылданған шамалар таңбалары қолданылады. Осылайша, негіз ретінде  $L$  ұзындық,  $M$  масса және  $T$  уақыт қабылданған механиканың шамалар жүйесі LMT жүйесі деп аталуы тиіс. Халықаралық бірліктер жүйесінде (СИ) LMTIӨNJ таңбаларымен белгіленуі тиіс, тиісінше негізгі шамалардың таңбалары –  $L$  ұзындықты,  $M$  массаны,  $T$  уақытты,  $I$  электрлік ток күшін,  $Ө$  температураны,  $N$  заттың мөлшерін және  $J$  жарық күшін белгілейді.

3.7 Байланыс теңдеуі (шамалар арасындағы);

*P: уравнение связи (между величинами);*

*E: quantity equation;*

Табиғат заңдарына негізделген және өлшем бірліктеріне тәуелсіз, осы шамалар жүйесінде шамалар арасындағы математикалық байланыс.

3.8 Негізгі шама;

*P: основная величина;*

*E: base quantity;*

Берілген ішкі жиынтық шамаларының ешбірі басқа шамалар арқылы көріне алмайтындай етіп, осы шамалар жүйесі үшін шартты таңдалған ішкі жиынтық шамаларының бірі.

Ескертпелер

1 Осы анықтамада аталған ішкі жиынтық негізгі шамалардың жиынтығы деп аталады.

2 Негізгі шамалар өзара тәуелсіз болып табылады, өйткені негізгі шама басқа негізгі шамалардың дәрежелер көбейтіндісі ретінде көрсетіле алмайды.

3.9 Туынды шама;

*P: производная величина;*

*E: derived quantity;*

Шамалар жүйесіне кіретін және осы жүйенің негізгі шамалары арқылы анықталатын шама.

**Мысалы** – LMT жүйесі механикасының туынды шамаларының мысалдары:  $v = dl/dt$  теңдеуімен анықталатын (модуль бойынша) ілгерілемелі қозғалыстың  $v$  жылдамдығы, мұнда  $l$  - жол,  $t$  – уақыт;  $F = ma$  теңдеуімен анықталатын (модуль бойынша), материалдық нүктеге түсірілген  $F$  күш, мұнда  $m$  – нүктенің массасы,  $a$  -  $F$  күшінің әсерінен туындаған үдеу.

3.10 Халықаралық шамалар жүйесі;

*P: Международная система величин;*

*E: International System of Quantities, ISQ;*

Жеті негізгі шамалардың ішкі жиынтығына: ұзындық, масса, уақыт, электр тогы, термодинамикалық температура, заттың мөлшері және жарық күшіне негізделген шамалар жүйесі.

## ҚР СТ 2.1-2018

3.11 Өлшемділік (шаманың);

*P: Размерность (величины);*

*E: quantity dimension, dimension of a quantity, dimension;*

Әртүрлі дәрежелерде негізгі шамалар символдарының туындыларынан құрылған және осы шаманың осы шамалар жүйесінде 1-ге тең пропорционалдық коэффициентімен негізгі ретінде қабылданған шамалармен байланысын көрсететін дәрежелік бір мүше түрінде өрнектелуі.

Ескертпелер

1 Бір мүшеге кіретін негізгі шамалар белгілерінің дәрежелері, қарастырылатын шаманың негізгі шамаға байланысына тәуелді бүтін, бөлшек, оң және теріс болуы мүмкін. Өлшемділік түсінігі негізгі шаманы да қамтиды. Негізгі шаманың өлшемділігінің өз-өзіне қатынасы бірге тең, яғни негізгі шама өлшемділігінің формуласы оның таңбасымен сәйкес келеді.

2 Халықаралық шамалар жүйесінде негізгі шамалардың өлшемділігін көрсететін таңбалар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Негізгі шама	Өлшемділік белгісі
ұзындық	$L$
масса	$M$
уақыт	$T$
электрлік ток	$I$
термодинамикалық температура	$\Theta$
заттың мөлшері	$N$
жарық күші	$J$

Осылайша,  $Q$  шамасының өлшемділігі  $\dim Q = L^{\alpha} M^{\beta} T^{\gamma} \Theta^{\delta} N^{\zeta} J^{\eta}$  түрінде белгіленеді, мұнда өлшемділік көрсеткіштері деп аталатын дәрежелер көрсеткіштері оң, теріс немесе нөлге тең.

3.12 Өлшемділік (шаманың) көрсеткіші;

*P: показатель размерности (величины);*

*E: quantity dimensional exponent;*

Туынды шаманың өлшемділігіне кіретін негізгі шаманың өлшемділігі арттырылған дәреже көрсеткіші.

Ескертпе – 3.11-де келтірілген формулада  $\alpha, \beta, \gamma, \delta, \varepsilon, \zeta, \eta$  дәреже көрсеткіштерін  $Q$  туынды шама өлшемділігінің көрсеткіштері деп атайды. Негізгі шама өлшемділігі көрсеткішінің өз-өзіне қатынасы бірге тең.

3.13 Бірлік өлшемді шама, өлшемсіз шама;

*P: величина сразмерностью единица; безразмерностная величина;*

*E: quantity of dimension one, dimensionless quantity;*

Өлшемділігіне негізгі шамалар нөлге тең дәрежеде кіретін шама.

Ескертпе – Бір шамалар жүйесіндегі өлшемсіз шаманың басқа жүйедегі бірліктен ерекшеленетін өлшемділігі болуы мүмкін. Мысалы, электростатикалық жүйеде  $\varepsilon_0$  электрлік тұрақты өлшемсіз шама болып табылады, ал БЖ сәйкес келетін шамалар жүйесінде  $\dim \varepsilon_0 = L^3 M^{-1} T^4 I^2$  өлшемділігі болады.

3.14 Бірлік (шаманы өлшеу);  
*P: единица (измерения величины);*  
*E: measurement unit, unit of measurement, unit;*

Бірге тең сандық мән шартты берілген және онымен біртекті шамаларды сандық көрсету үшін қолданылатын белгіленген мөлшердің шамасы.

Ескертпе – Тәжірибе жүзінде «заңдастырылған бірліктер» түсінігі кең қолданылады, ол «бірліктер жүйесі және (немесе) заңнамалық актілерге сәйкес елде қолдану үшін белгіленген жеке бірліктер» ретінде түсіндіріледі.

3.15 Бірліктер жүйесі (шаманың);  
*P: система единиц (величин);*  
*E: system of units, system of units (of measurement);*

Берілген бірліктер жүйесі үшін белгіленген қағидаларға сәйкес айқындалған, олардың еселік және үлестік бірліктерімен бірге негізгі және туынды бірліктердің жиынтығы.

3.16 Халықаралық бірліктер жүйесі, БЖ;  
*P: Международная система единиц; СИ;*  
*E: International System of Units, SI;*

Өлшемдер және салмақтар жөніндегі бас конференция (ӨСБК) қабылдаған, олардың атауларымен және белгіленулерімен, сондай-ақ оларды қолдану қағидаларымен бірге қосымшалар жиынтығымен және олардың атаулары мен белгіленулерімен бірге Халықаралық шамалар жүйесіне негізделген бірліктер жүйесі.

3.17 Бірліктер арасындағы байланыс тендеуі;  
*P: уравнение связи между единицами;*  
*E: unit equation;*

Негізгі бірліктерді, когорентті туынды бірліктерді немесе өзге өлшем бірліктерді байланыстыратын математикалық байланыс.

3.18 Негізгі бірлік (шама бірліктері жүйесінің);  
*P: основная единица (системы единиц величин);*  
*E: base unit (of measurement), base unit;*

Негізгі шама үшін келісім бойынша қабылданған өлшем бірлігі.

Ескертпелер

1 Кез-келген когорентті бірліктер жүйесінде әрбір негізгі шама үшін тек бір негізгі бірлік болады.

**Мысалы** - Халықаралық бірліктер жүйесінің (СИ) негізгі бірліктері: метр (м), килограмм (кг), секунд (с), ампер (А), кельвин (К), моль (моль) және кандела (кд).

2 Нысандардың мөлшері үшін бір санын, 1 белгіленуін кез-келген бірліктер жүйесінде негізгі бірлік ретінде қарастыруға болады.

3.19 Туынды бірлік (шама бірліктері жүйесінің);  
*P: производная единица (системы единиц величин);*  
*E: derived unit (of measurement)*

## ҚР СТ 2.1-2018

Туынды шамаға арналған өлшем бірлігі.

### *Мысалдар*

- 1 м/с - БЖ негізгі бірліктері – метр мен секундтан құрылған жылдамдық бірлігі;
- 1 Н - БЖ негізгі бірліктері – килограмм, метр және секундтан құрылған күш бірлігі;

3.20 Когерентті (туынды) бірлік (шаманың);

*P: когерентная (производная) единица (величины);*

*E: coherent derived unit;*

Берілген шамалар жүйесі үшін және негізгі шамалардың таңдалған жиынтығы үшін бірге тең пропорционалдық коэффициентімен дәрежеге шығарылған негізгі бірліктердің туындысы болып табылатын шамалардың туынды бірлігі.

3.21 Бірліктердің когерентті жүйесі (шамалардың);

*P: когерентная система единиц (величин);*

*E: coherent system of units (of measurement);*

Негізгі бірліктерден және когерентті туынды бірліктерден тұратын шама бірліктерінің жүйесі.

Ескертпе - БЖ негізгі бірліктері мен когерентті туынды бірліктері, БЖ когерентті бірліктерінің жиынтығы деп аталатын когерентті жиынтықты құрайды.

3.22 Жүйелік бірлік (шаманың);

*P: системная единица (величины);*

*E: system unit;*

Қабылданған бірліктер жүйесіне кіретін шама бірлігі.

Ескертпе – БЖ негізгі, туынды, еселік және үлестік бірліктері жүйелік болып табылады. Мысалы: 1 м; 1 м/с; 1 км; 1 нм.

3.23 Жүйеден тыс бірлік (шаманың);

*P: внесистемная единица (величины);*

*E: off-system measurement unit, off-system unit;*

Қабылданған бірліктер жүйесіне кірмейтін шама бірлігі.

Ескертпе - Жүйеден тыс бірліктер (БЖ бірліктеріне қатысты) төрт топқа бөлінеді:

- 1 БЖ бірліктерімен тең қолдануға рұқсат етілген.
- 2 Арнайы салаларда қолдануға рұқсат етілген.
- 3 Уақытша қолдануға рұқсат етілген.
- 4 Ескірген (қолдауға рұқсат етілмейтін).

3.24 Еселік бірлік (шаманың);

*P: кратная единица (величины);*

*E: multiple of a unit (of measurement);*

Жүйелік немесе жүйеден тыс бірліктен бүтін санға үлкен шама бірлігі.

*Мысалы-* Ұзындық бірлігі 1 км =  $1 \cdot 10^3$  м, метрге еселі; жиілік бірлігі 1 МГц (мегагерц) =  $1 \cdot 10^6$  Гц, герцке еселі; радионуклидтердің белсенділік бірлігі 1 МБк (мегабеккерель) =  $1 \cdot 10^6$  Бк, беккерельге еселі.

3.25 Шаманың үлестік бірлігі; үлестік бірлік;  
*P: дольная единица величины; дольная единица;*  
*E: sub-multiple of a unit (of measurement);*

Жүйелік немесе жүйеден тыс бірліктен бүтін санға кем шама бірлігі.

*Мысалы* - Ұзындық бірлігі 1 нм (нанометр) =  $10^{-9}$  м және уақыт бірлігі 1 мкс =  $1 \cdot 10^{-6}$  с сәйкесінше метр мен секундқа үлес болады.

3.26 Сандық мәндер (шамалардың) арасындағы байланыс теңдеуі;  
*P: уравнение связи между числовыми значениями (величин);*  
*E: numerical value equation, numerical quantity value equation;*

Берілген теңдеуде шамалар мен белгіленген өлшем бірліктерінің арасындағы байланысқа негізделген, шамалардың сандық мәндерін байланыстыратын математикалық қатынас.

*Мысалы* - Бөлшектің кинетикалық энергиясы үшін шамалар арасындағы байланыс теңдеуінде,  $T = (1/2) mv^2$ , егер  $m = 2$  кг және  $v^2 = 3$  м/с болғанда, онда  $\{T\} = (1/2) \times 2 \times 3^2$  – бұл сандық мәндер арасындағы байланыс теңдеуі, ол джоульде  $T$  үшін 9 сандық мәнін береді.

3.27 Шамаларды есептеу;  
*P: исчисление величин;*  
*E: quantity calculus;*

Реттік шамалар болып табылмайтын шамаларға қолданылатын математикалық қағидалар мен операциялардың жиынтығы.

Ескертпе - Шамаларды есептегенде шамалар арасындағы байланыс теңдеуі сандық мәндер арасындағы байланыс теңдеуіне қарағанда артығырақ, өйткені шамалар арасындағы байланыс теңдеуі өлшем бірліктерін таңдауға тәуелсіз, ал сандық мәндер арасындағы байланыс теңдеуі – тәуелді.

3.28 Аддитивті шама;  
*P: аддитивная величина;*  
*E: additive quantity;*

Әртүрлі мәндері сандық коэффициентке қосылуы, көбейтілуі, бір-біріне бөлінуі мүмкін болатын шама.

*Мысалы* - Аддитивті шамаларға ұзындық, масса, және т.б. жатады.

3.29 Аддитивті емес шама;  
*P: неаддитивная величина;*  
*E: non-additive quantity;*

Мәндері қосылғаннан мағынасы болмайтын шама.

*Мысалы* - Термодинамикалық температура.

3.30 Реттік шама;  
*P: порядковая величина;*  
*E: ordinal quantity;*

## ҚР СТ 2.1-2018

Оның өлшеміне сәйкес сол тектегі өзге шамалардың ортақ реттік қатынасы белгіленуі мүмкін, бірақ осы шамалармен алгебралық операциялар үшін қолданылмайтын, жалпы келісім бойынша қабылданған өлшеу әдісіне немесе өлшеу әдістемесіне сәйкес анықталған шама.

### **Мысалдар**

- 1 С Роквелл шкаласы бойынша қаттылық.
- 2 Жеңіл отын үшін октан саны.
- 3 Рихтер шкаласы бойынша жер селкіну күші.
- 4 Нөлден беске дейінгі шкала бойынша құрсақ қуысындағы ауырсынудың субъективті деңгейі.

### Ескертпелер

- 1 Реттік шамалар тек эмпирикалық қатынастарға кіре алады және не өлшем бірліктері, не шамалардың өлшемділігі болмайды. Реттік шамалардың айырмашылығы мен қатынастарының мағынасы болмайды.
- 2 Реттік шамалар реттік шамалар мәндерінің шкалаларына сәйкес орналасады.

3.31 Шама (мәндерінің) шкаласы, өлшемдер шкаласы;

*P: шкала (значений) величины; шкала измерений;*

*E: quantity-value scale, measurement scale;*

Берілген шаманы өлшеу үшін бастапқы негіз болып жұмыс жасайтын шама мәндерінің реттелген жиынтығы.

**Мысалы** - Мәні Метрлік Конвенцияның елдері арасындағы келісім бойынша қабылданған және дәл өлшемдердің негізінде белгіленген, репер нүктелерінің ретінен тұратын халықаралық температура шкаласы, температура өлшемдері үшін бастапқы негіз болып жұмыс жасауға арналған.

3.32 Реттік шама (мәндерінің) шкаласы;

*P: шкала (значений) порядковой величины;*

*E: ordinal quantity-value scale, ordinal value scale;*

Реттік шамаларға арналған шама мәндерінің шкаласы.

### **Мысалдар**

- 1 С Роквелл қаттылық шкаласы.
- 2 Жеңіл отын үшін октан сандардың шкаласы.

Ескертпе – Реттік шама мәндерінің шкаласы өлшеу әдістемесіне сәйкес өлшеулер жолымен белгілене алады.

3.33 Қабылданған тірек шкаласы;

*P: принятая опорная шкала;*

*E: conventional reference scale;*

Ресми келісіммен белгіленген шама мәндерінің шкаласы.

3.34 Сапалық қасиет;

*P: Качественное свойство, назывательное свойство; неразмерное свойство;*

*E: nominal property;*

Материалдық объектінің немесе құбылыстың өлшемі болмайтын қасиеті.

### **Мысалдар**

- 1 Адамның жынысы.

- 2 Бояу үлгісінің түсі.
- 3 Химиядағы тамшылық сынаманың түсі.
- 4 ИСО бойынша елдің екі әріпті коды.
- 5 Полипептидтегі амин қышқылдарының реттілігі.

Ескертпе - Сапалық қасиеттің сөздермен, әріпті-сандық кодпен немесе басқа тәсілмен көрінетін мәні болады.

## 4 Өлшем

- 4.1 Өлшем (шаманың);  
*P: измерение (величины);*  
*E: measurement;*

Арнаулы техникалық құралдардың көмегімен тәжірибелік жолмен физикалық шама мәнін табу.

Ескертпелер

- 1 Өлшем шамаларды салыстыруды тұспалдайды немесе объектілердің есебін қамтиды.
- 2 Өлшем регламенттелген өлшеу әдістемесіне сәйкес және өлшеу шарттарын есепке алып, болжанатын өлшеу нәтижесін, өлшеу әдістемесін және өлшем құралын қолдануға сәйкес шаманы сипаттауды қарастырады.

- 4.2 Өлшенетін шама;  
*P: измеряемая величина;;*  
*E: measurand;*

Өлшеуге жататын шама.

- 4.3 Өлшеу объектісі;  
*P: объект измерения;*  
*E: measurement object;*

Бір немесе бірнеше өлшенетін және әсер ететін шамалармен сипатталатын материалдық нысан немесе құбылыс.

**Мысалы** - Диаметрін өлшейтін бірлік, температура өлшенетін технологиялық үрдіс; Жер серігі, координаталарды өлшейді немесе оның көмегімен Жердегі нысанның орналасқан жерінің координаталарын өлшейді. Мұның бәрі өлшеу нысандары.

- 4.4 Өлшем қағидаты;  
*P: принцип измерений;*  
*E: measurement principle, principle of measurement;*

Өлшем негізіне қаланған материалдық әлемнің құбылысы.

**Мысалдар**

- 1 Электрлік кернеуді өлшеу үшін Джозефсон эффектісін қолдану.
- 2 Иондаушы сәулеленудің жұтылған энергиясын өлшеу үшін Пельтье эффектісін қолдану.
- 3 Жылдамдықты өлшеу үшін Доплер эффектісін қолдану.
- 4 Таразыға тарту жолымен массаны өлшегенде гравитациялық тартуды қолдану.
- 5 Мольдік концентрацияны өлшеу үшін қызмет ететін абсорбция энергиясы.

- 4.5 Өлшеу әдісі;  
*P: метод измерений;*

## ҚР СТ 2.1-2018

*E: measurement method, method of measurement;*

Тәсіл немесе өлшеудің іске асырылған қағидаларына сәйкес оның бірлігімен немесе шкаламен қатынасымен өлшенетін шаманы салыстыру тәсілдерінің жиынтығы.

4.6 Салыстыру әдісі (өлшеммен);

*P: метод сравнения (с мерой);*

Өлшенетін шаманы жаңғыртылатын өлшеммен салыстыратын өлшеу әдісі.

**Мысалы** - Массаны интiректі таразыларда гiрлердi (мәндерi белгiлi масса өлшемдерiмен) теңестiрiп өлшеу.

4.7 Нөлдік әдіс (өлшемнің);

*P: нулевой метод (измерений);*

*E: null method of measurement;*

Өлшенетін шаманың қорытқы әсер ету эффектісі мен салыстыру құралындағы өлшемді нөлге дейін жеткізетін, өлшеммен салыстыру әдісі.

**Мысалы** - Электрлік кедергіні оны толық теңестірумен көпір арқылы өлшеу.

4.8 Орын алмастырумен өлшеу әдісі; алмастыру әдісі;

*P: метод измерений замещением, метод замещения;*

*E: substitution method of measurement;*

Өлшенетін шаманы, шаманың белгілі мәні бар өлшемімен орын алмастырылатын өлшеммен салыстыру әдісі.

**Мысалы** - Өлшенетін массаны және гiрдi таразының сол бiр табақшасына кезек-кезек қою арқылы өлшеу (Борд әдісі).

4.9 Толықтырумен өлшеу әдісі; толықтыру әдісі;

*P: метод измерений дополнением; метод дополнения;*

Өлшенетін шаманың мәні салыстыру аспабына алдын ала берілген мәнге тең олардың қосындысы әсер ететін есеппен, сол шаманың өлшемімен толықтырылатын өлшеммен салыстыру әдісі.

4.10 Дифференциалдық өлшеу әдісі;

*P: дифференциальный метод измерений;*

*E: differential method of measurement;*

Өлшенетін шама өлшенетін шаманың мәнінен аз ерекшеленетін белгілі мәні бар біртекті шамамен салыстырылатын және бұл екі шамалардың арасындағы айырмашылық өлшенетін өлшеу әдісі.

**Мысалы** - Ұзындық өлшемін салыстырып тексеру кезінде компараторда эталондық өлшеммен салыстыру арқылы орындалатын өлшеу.

4.11 Өлшемдерді орындау әдістемесі;

*P: методика выполнения измерений;*



*E: measurement procedure;*

Орындалуы қабылданған өлшеу әдісіне сәйкес өлшемдер нәтижелерін алуды қамтамасыз ететін, өлшеу кезіндегі операциялар мен қағидалардың белгіленген логикалық жүйелілігі.

Ескертпе - Әдетте өлшемдер әдістемесі қандай да бір нормативтік құжатпен реттеледі.

4.12 Референттік өлшемдер әдістемесі;

*P: референтная методика измерений;*

*E: reference measurement procedure;*

Бірдей түрдегі шама өлшемінің басқа әдістемелерінің (әдістерінің) көмегімен алынған, шаманың өлшенген мәндерінің дұрыстығын бағалау үшін қолданылуы мүмкін өлшем нәтижелерін алу үшін, сондай-ақ өлшем құралдарын калибрлеу үшін немесе стандартты үлгілердің сипаттамаларын айқындау үшін пайдаланылатын өлшем әдістемесі.

Ескертпе – Өлшемдер әдістемесін калибрлеу әдістемесінен ажырата білу қажет.

4.13 Алғашқы референттік өлшемдер әдістемесі;

*P: первичная референтная методика измерений;*

*E: primary reference measurement procedure, primary reference procedure;*

Сол тектегі шама бірлігінің эталонымен салыстырмай өлшеу нәтижесін алу үшін қолданылатын референттік өлшемдер әдістемесі.

Ескертпе - Зат мөлшері жөніндегі консультативтік комитет – Химиядағы метрология (CCQM) бұл түсінік үшін алғашқы өлшеу әдісі терминін қолданады.

4.14 Статикалық өлшем;

*P: статическое измерение;*

*E: static measurement;*

Нақты өлшеу міндетіне сәйкес деп қабылданатын өлшеу уақыты аралығында өзгеріссіз шаманы өлшеу.

4.15 Динамикалық режим (өлшем құралын пайдаланудың);

*P: динамический режим (использования средства измерений);*

Өлшеу нәтижесіне (өлшенетін шаманы бағалауға) соның ішінде өлшеу уақыты ішінде өлшенетін шаманың өзгеруіне ықпал ететін, өлшеу экспериментін өткізу уақыты ішінде шарттардың (факторлардың) өзгерістерімен, соның ішінде өлшенетін шаманың өлшеу уақыты ішінде өзгеруіне байланысты өлшем құралын пайдалану режимі.

4.16 Динамикалық өлшем;

*P: динамическое измерение;*

*E: dynamic measurement;*

Өлшем құралы динамикалық режимде қолданылатын өлшем.

4.17 Абсолюттік өлшем;

## ҚР СТ 2.1-2018

*P: абсолютное измерение;*

*E: absolute measurement;*

Бір немесе бірнеше негізгі шамаларды тура өлшеуге және (немесе) физикалық константалардың мәндерін пайдалануға негізделген өлшем.

**Мысалы** -  $F = mg$  күшті өлшеу негізгі шама –  $m$  массаны өлшеуге және  $g$  физикалық тұрақтыны (массаны өлшеу нүктесінде) пайдалануға негізделген.

4.18 Салыстырмалы өлшем;

*P: относительное измерение;*

*E: relative measurement;*

Аттас шамалардың қатынасын немесе осы қатынастың функцияларын өлшеу.

**Мысалы** - Белсенділіктің эталондық өлшемі ретінде аттестатталған біртекті көздегі радионуклидтің белсенділігіне қатысты көзде радионуклидтің белсенділігін өлшеу.

4.19 Тура өлшем;

*P: прямое измерение;*

*E: direct measurement;*

Шаманың ізделінді мәні тікелей өлшем құралынан алынатын өлшем.

Ескертпелер

1 Тура өлшем термині жанама өлшем терминіне қарама-қарсы ретінде шыққан. Тұтастай алғанда, өлшем әрқашанда тура және шаманы оның бірлігімен немесе шкаласымен салыстыру ретінде қаралады. Бұл жағдайда тура өлшеу әдісі терминін қолданған жөн.

2 Өлшемдерді тура, жанама, қатар және жиынтық деп бөлу негізінде өлшемдер үлгісінің түрі жатуы мүмкін. Бұл жағдайда, жанама және тура өлшемдер арасындағы шекара бұзылған, өйткені метрологиядағы өлшемдердің көпшілігі жанама өлшемге жатады, себебі ықпал ететін факторларды есепке алуды, түзетулер енгізуді және т.б. қамтиды.

**Мысалдар**

1 Бөлшектің ұзындығын микрометрмен өлшеу.

2 Ток күшін амперметрмен өлшеу.

3 Массаны таразыларда өлшеу.

4.20 Жанама өлшем;

*P: косвенное измерение;*

*E: indirect measurement;*

Ізделінді шамамен функциональды байланысқан басқа шамалардың тура өлшем нәтижелерінің негізінде шаманың ізделінді мәні анықталатын өлшем.

**Мысалы** - Тығыздықпен байланысқан  $m$  массаның,  $h$  биіктіктің және  $d$  цилиндр диаметрінің тура өлшем нәтижелері бойынша цилиндр нысанды дененің  $\rho$  тығыздығын мына теңдеумен анықтау:

$$\rho = \frac{m}{0,25\pi d^2 h}$$

Ескертпе - Көптеген жағдайларда «жанама өлшем» терминінің орнына «жанама өлшеу әдісі» термині қолданылады.

## 4.21 Жиынтық өлшемдер;

*Р: совокупные измерения;*

Шамалардың ізделінді мәндері түрлі тіркестерде осы шамаларды өлшеу кезінде алынатын теңдеулер жүйесін шешу жолымен анықталатын, бірнеше аттас шамаларды бір мезгілде өлшеу.

Ескертпелер

1 Изделінді шамалардың мәндерін анықтау үшін теңдеулер саны шамалар санынан кем болмауы тиіс.

2 Әдетте, жиынтық өлшемдер үлгісінде бірнеше шығу мәндері бар.

**Мысалы** - Жеке гирлер жиынтығы массасының мәнін бір гир массасының белгілі және гирдің әр түрлі үйлесімінің массаларын өлшеу (салыстыру) нәтижелері бойынша анықтайды.

## 4.22 Қатар өлшемдер;

*Р: совместные измерения;*

Бір мезгілде жүргізілетін екі немесе бірнеше аттас емес шамалардың арасындағы байланысты анықтау үшін жүргізілетін өлшем.

Ескертпе - Әдетте, қатар өлшемдердің үлгісі өлшеу нәтижелерінің негізінде өлшенетін шамалар мен осы тәуелділіктің параметрлерін бағалау алгоритмі арасындағы параметрлік тәуелділікті біріктіреді.

## 4.23 Өлшеу міндеті;

*Р: измерительная задача;*

Берілген өлшем шартында қажетті дәлдікпен оны өлшеу жолымен физикалық шама мәнін анықтау міндеті.

## 4.24 Өлшемдер саласы;

*Р: область измерений;*

Ғылым мен техниканың қандай да бір саласына тән және өзінің ерекшелігімен ерекшеленетін шамалар өлшемдерінің жиынтығы.

Ескертпе - Өлшемдер салаларының: механикалық, магниттік, акустикалық, және т.б. қатары бар.

## 4.25 Өлшем түрі;

*Р: вид измерений;*

Өзінің ерекшеліктері бар және өлшенетін шамалардың біртектілігімен ерекшеленетін өлшемдер саласының бөлімі.

**Мысалы** - Электрлік және магниттік өлшемдер саласында мынадай өлшем түрлері бөлінуі мүмкін: электрлік кедергі, электрлік кернеу, магниттік индукция және т.б. өлшемдері.

## 4.26 Өлшемдер ішкі түрі;

*Р: подвид измерений;*

Біртекті шама өлшемдерінің ерекшеліктерімен (өлшемдер ауқымы бойынша, шаманың өлшемі бойынша және т.б.) бөлінетін өлшемдер түрінің бөлімі.

## ҚР СТ 2.1-2018

*Мысалы* - Ұзындықты өлшеу кезінде үлкен ұзындықты (дальнометрия) немесе ең кіші ұзындықты (нанометрия) өлшеуді белгілеп алады.

4.27 Калибрлеу әдістемесі;

*P: методика калибровки;*

Шама бірлігінің эталонын немесе өлшем құралын калибрлеуді жүргізу тәртібі мен рәсімдерін белгілейтін құжат.

4.28 Өлшемдерді орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау;

*P: метрологическая аттестация методики выполнения измерений;*

Өлшемдерді орындау әдістемесінің оған қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу (растау).

4.29 Референттік өлшемдерді орындау әдістемесі;

*P: референтная методика выполнения измерений;*

Сол тектегі шамалардың басқа өлшемдерді орындау әдістемелерінің көмегімен алынған өлшенген шама мәндерінің дұрыстығын бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін өлшеу нәтижелерін алу үшін, сондай-ақ өлшем құралдарын калибрлеу үшін немесе стандартты үлгілердің сипаттамаларын анықтау үшін қолданылатын өлшемдерді орындау әдістемесі.

## 5 Өлшеу нәтижелері

5.1 Нәтиже (шаманы өлшеу);

*P: результат (измерения величины);*

*E: measurement result, result of measurement;*

Өлшенетін шамаға кез-келген өзге қолжетімді және маңызды ақпаратпен бірге жазылатын шама мәндерінің жиынтығы.

Ескертпелер

1 Өлшеу нәтижесінде келтірілген ақпарат нақты өлшем ерекшеліктерімен анықталады және осы өлшемге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Көптеген жағдайларда ақпарат өлшем дәлдігіне жатады және дәлдік көрсеткіштерімен көрсетіледі, негізделген жағдайларда өлшеу әдістемесін көрсетуді және т.б. қамтиды.

2 Өлшеу нәтижесі тиісті дәлдік көрсеткішін көрсете отырып, өлшенген шама мәнімен көрсетілуі мүмкін. Дәлдік көрсеткіштеріне, мысалы орташа квадраттық ауытқу, қателіктің сенімгерлік шекаралары, стандартты өлшем белгісіздігі, жиынтық стандартты және кеңейтілген белгісіздік жатады.

3 Егер өлшемнің дәлдік көрсеткішінің мәнін берілген өлшеу мақсаты үшін ескермейтіндей аз деп санауға болса, онда өлшеу нәтижесі шаманың бір өлшенген мәні ретінде көрінуі мүмкін. Көптеген салаларда бұл қолданылатын өлшем құралының дәлдік сыныбын көрсетіп, өлшеу нәтижесін көрсетудің әдеттегі тәсілі болып табылады.

5.2 Өлшенген мән (шаманың);

*P: измеренное значение (величины);*

*E: measured quantity value, measured value of a quantity, measured value;*

Өлшеу нәтижесін көрсететін шаманың мәні.

Ескертпелер

1 Қайталама көрсеткіштер орын алатын өлшемдер үшін, әрбір көрсеткіш шаманың тиісті өлшенген мәнін алу үшін қолданылуы мүмкін. Шаманың жеке өлшенген мәндерінің мұндай жиынтығы, әдетте аз тиісті өлшем белгісіздігі (қателігі) бар орташа арифметикалық немесе медиана секілді шаманың нәтижелік өлшенген мәнін есептеу үшін қолданылуы мүмкін.

2 Өлшенетін шаманы көрсететін шаманың шын мәндерінің ауқымы өлшем белгісіздігімен (қателігімен) салыстырғанда аз болғанда, шаманың өлшенген мәні, іс жүзінде шаманың жалғыз шын мәнін бағалау ретінде қаралуы мүмкін және ол көбінесе қайталама өлшеулер кезінде алынған орташа арифметикалықты немесе жеке өлшенген мәндердің медианын көрсетеді.

3 Өлшенетін шаманы көрсететін шаманың шын мәндерінің ауқымын өлшем белгісіздігімен (қателігімен) салыстырғанда аз деп санауға болмайтын жағдайда, өлшенген мән көбінесе орташа арифметикалықты немесе шаманың шын мәндері жиынының медианын бағалау болады.

4 [2]-ге шаманың өлшенген мәні түсінігі үшін өлшеу нәтижесі және өлшенетін шаманың мәндерін бағалау немесе өлшенетін шаманы бағалау терминдерін қолданады. Сонымен бірге, 5.1, 1 ескертпені қараңыз.

### 5.3 Тірек мәні (шаманың);

*P: опорное значение (величины);*

*E: reference quantity value, reference value;*

Бір тектес шамалардың мәндерімен салыстыру үшін негіз ретінде қолданылатын шама мәндері.

#### Ескертпелер

1 Шаманың тірек мәні өлшемге жататын шаманың шын мәні болуы мүмкін, бұл жағдайда ол белгісіз немесе шаманың қабылданған мәні болуы мүмкін, бұл жағдайда ол белгілі.

2 Олармен байланысты өлшем белгісіздігімен (қателігімен) шаманың тірек мәнін, әдетте:

- материал, мысалы, аттестатталған стандартты үлгі;
- құрылғы, мысалы, тұрақтандырылған лазер;
- референттік өлшемдер әдістемесі;
- эталондарды салғастыру үшін келтіреді.

### 5.4 Ақиқат мән (шаманың);

*P: истинное значение (величины);*

*E: true quantity value, true value of a quantity, true value;*

Өлшенетін шаманың анықтамасына сәйкес келетін шаманың мәні.

#### Ескертпелер

1 Өлшенетін шаманың анықтамасы өлшеу объектісінің бірқатар үлгісін қабылдауды қамтиды, онда ақиқат мән қандай да бір параметрмен берілген. Үлгі мен өлшеу объектісі арасындағы шектік сәйкессіздік әрқашан бар, бұл өлшенетін шаманың дефинициалды белгісіздігінің себебі болып табылады.

2 Өлшенетін шамамен байланысты дефинициалды белгісіздік басқа өлшем белгісіздігін құраушылармен салыстырғанда ескерілмейтіндей аз деп саналса, өлшенетін шаманы «шын мәнінде жалғыз» болатын ақиқат мән деп қарауға болады. Мұндай тәсіл [2]-ге және онымен байланысты құжаттарда қабылданған, онда «ақиқат» сөзі артық деп саналады.

3 Шаманың ақиқат мәні түсінігінен қашық болатын және өлшеу нәтижелерінің метрологиялық салыстырымдылығы түсінігіне сүйенетін өлшемдер дәлдігін бағалау тәсілдері бар.

### 5.5 Қабылданған мән (шаманың);

*P: принятое значение(величины);*

*E: conventional quantity value, conventional value of a quantity, conventional value;*

Берілген мақсат үшін келісім бойынша шамаға жазылған шама мәні.

#### Ескертпелер

1 Кейде шаманың қабылданған мәні шаманың шын мәнін бағалау болып табылады.

## ҚР СТ 2.1-2018

2 Қабылданған мәнмен байланысты өлшемдер белгісіздігі көбіне жеткілікті аз және нақты мақсат үшін нөлге тең деп қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда, шаманың нақты мәні түсінігі қолданылады.

### 5.6 Нақты мән (шаманың);

*P: действительное значение (величины);*

*E: conventional true value (of a quantity);*

Эксперименттік жолмен алынған және шын мәнге өте жақын болғандықтан қойылған өлшеу міндетінде оның орнына қолдануға болатын шаманың мәні.

### 5.7 Өлшем дәлдігі; өлшем нәтижесінің дәлдігі;

*P: точность измерений; точность результата измерения;*

*E: measurement accuracy, accuracy of measurement, accuracy;*

Өлшенген мәннің өлшенетін шаманың шын мәніне жақындығы.

Ескертпе - Өлшем дәлдігі түсінігі өлшемдердің дұрыстығы мен прецизиондығы түсініктерін біріктіріп, толығымен өлшем сапасын сипаттайды.

### 5.8 Өлшемдердің дұрыстығы;

*P: правильность (измерений);*

*E: measurement trueness, trueness of measurement, trueness;*

Шаманың қайта өлшенген мәндерінің шексіз үлкен орташа арифметикалық санының шаманың тірек мәніне жақындығы.

Ескертпе

1 Өлшемдердің дұрыстығы шама болып табылмайды және сондықтан сандық түрде көріне алмайды, алайда тиісті көрсеткіштер [3] келтірілген.

2 Өлшемдердің дұрыстығы жүйелік өлшем қателігінің нөлге жақындығын көрсетеді.

### 5.9 Прецизиондық (өлшемдердің);

*P: прецизионность (измерений);*

*E: measurement precision, precision;*

Берілген шарттарда сол немесе ұқсас нысандар үшін қайталама өлшеулер кезінде алынған шаманың көрсеткіштері немесе өлшенген мәндері арасындағы жақындығы.

Ескертпелер

1 «Берілген шарттар», мысалы өлшемдердің қайталану шарты, өлшемдердің аралық прецизиондық шарты немесе өлшемдердің жаңғыртылу шарты болуы мүмкін.

2 Өлшемдердің прецизиондығы түсінігі өлшемдердің қайталанушылығы, өлшемдердің аралық прецизиондығы және өлшемдердің жаңғыртылуы түсініктерін анықтау үшін қолданылады.

3 Өлшемдердің прецизиондығы кездейсоқ өлшем қателігінің нөлге жақындығын сипаттайды.

### 5.10 Қайталану шарты (өлшемдердің);

*P: условия повторяемости (измерений);*

*E: repeatability condition of measurement, repeatability condition;*

Қысқа уақыт аралығы ішінде бірдей өлшеу әдістемесін, сол өлшем құралын қолдануды, сол операторларға қатысуды, сол жұмыс жағдайын, сол орналасуды және бірдей немесе ұқсас нысандарда қайталама өлшемдерді орындауды қамтитын өлшеу шарттары жиындарының бірі.

Ескертпе - Өлшемдердің қайталану шарты терминімен қатар өлшемдердің жинақтылық шарты (жинақтылық шарты) термині қолданылады.

5.11 Өлшемдердің қайталанушылығы;

*P: повторяемость измерений;*

*E: measurement repeatability, repeatability;*

Өлшемдердің қайталанушылығы шарттарындағы өлшемдердің прецизиондығы.

Ескертпе- Өлшемдердің қайталанушылығы терминімен қатар өлшемдердің жинақтылығы термині қолданылады.

5.12 Аралық прецизиондық шарттары (өлшемдердің);

*P: условия промежуточной прецизионности (измерений);*

*E: intermediate precision condition of measurement, intermediate precision condition;*

Ұзақ уақыт аралығы ішінде бірдей өлшеу әдістемесін, сол орналасуды және бірдей немесе ұқсас нысандарда қайталама өлшемдерді орындауды қамтитын, сондай-ақ өзгеруі мүмкін өзге шарттарды қамтитын өлшеу шарттары жиындарының бірі.

Ескертпелер

1 Өзгерістер жаңа калибрлеуді, калибраторларды, өлшем құралдарын, сондай-ақ жаңа операторларды қамтуы мүмкін.

2 Шарттардың сипаттамасы іс жүзінде қаншалықты дәлелденгеніне байланысты өзгеретін және өзгермейтін барлық шарттарды қамтуы тиіс.

5.13 Аралық прецизиондық (өлшемдердің);

*P: промежуточная прецизионность (измерений);*

*E: intermediate measurement precision, intermediate precision;*

Өлшемдердің белгіленген аралық прецизиондығы шарттарындағы өлшемдердің прецизиондығы.

5.14 Жаңғыртылу шарты (өлшемдердің);

*P: условия воспроизводимости (измерений);*

*E: reproducibility condition of measurement, reproducibility condition;*

Әртүрлі орналасуды, әртүрлі өлшем құралдарын, әртүрлі операторларға қатысуды және бірдей немесе ұқсас нысандарда қайталама өлшемдерді орындауды қамтитын өлшеу шарттары жиындарының бірі.

Ескертпелер

1 Ерекше жағдайларда әртүрлі өлшем құралдары түрлі өлшеу әдістемелеріне сәйкес қолданылуы мүмкін.

2 Шарттың сипаттамасы іс жүзінде қаншалықты дәлелденгеніне байланысты өзгеретін және өзгермейтін барлық шарттарды қамтуы тиіс.

5.15 Жаңғыртылу (өлшемдердің);

*P: воспроизводимость (измерений);*

*E: measurement reproducibility, reproducibility;*

Өлшемдердің жаңғыртылу шарттарындағы өлшемдердің прецизиондығы.

5.16 Қателік (өлшеу нәтижесінің);

*P: погрешность (результата измерения);*

*E: measurement error, error of measurement, error;*

Шаманың өлшенген мәні мен шаманың тірек мәнінің арасындағы айырмашылық.

Ескертпелер

1 Егер шаманың тірек мәні, мысалы өлшем құралдарын калибрлеу кезінде белгілі болса, онда өлшеу қателігінің мәні де белгілі. Егер тірек мәні ретінде шаманың шын мәні шықса, онда қателіктің мәні белгісіз.

2 Өлшеу қателігі кездейсоқ және жүйелік қателіктердің қосындысына тең.

5.17 Кездейсоқ қателік (өлшемнің);

*P: случайная погрешность (измерения);*

*E: random measurement error, random error of measurement, random error;*

Белгілі шарттарда жүргізілген қайталама өлшеулер кезінде кездейсоқ өзгеретін (белгісі мен мәні бойынша) өлшеу қателігінің құрамдас бөлігі.

5.18 Орташа квадраттық ауытқу; стандартты ауытқу;

*P: среднее квадратическое отклонение; стандартное отклонение;*

*E: standard deviation;*

Олардың шашырауын сипаттайтын және осы таралу дисперсиясынан шыққан оң квадраттық түбірге тең өлшенген мәндер немесе көрсеткіштердің таралу функциясының параметрі.

Ескертпелер

1 Орташа квадраттық ауытқуды бағалау мына формула бойынша анықталатын іріктеме стандарттық ауытқу болып табылады:

$$s(x) = \sqrt{\frac{\sum_{k=1}^n (x_k - \bar{x})^2}{n-1}}$$

мұнда,  $x_k$  -  $k$ -ші өлшенген мән немесе  $n$  мәндер қатарынан алынған көрсеткіш;

$\bar{x}$  -  $n$  өлшенген мәндер немесе көрсеткіштерден алынған орташа арифметикалық.

2  $s(x)$  –таралудың стандартты ауытқуын бағалау болып табылады және орташа арифметикалықтың іріктеме стандартты ауытқуы деп аталады.

3 Іріктеме стандартты ауытқуды кейде орташа квадраттық қателік деп қате атайды.

5.19 Жүйелік қателік (өлшемнің);

*P: систематическая погрешность (измерения);*

*E: systematic measurement error, systematic error of measurement, systematic error;*

Бірдей шаманы қайталама өлшеу кезінде тұрақты болып қалатын немесе заңды өзгеретін өлшеу қателігінің құрамдас бөлігі.

Ескертпелер

1 Уақыт ішінде өзгеру сипатына байланысты жүйелік қателікті тұрақты, прогрессивті, мерзімді және күрделі заң бойынша өзгеретін қателік деп бөледі. Өлшемдер ауқымы бойынша өзгеру сипатына байланысты жүйелік қателік тұрақты және пропорционалды деп бөлінеді.

Тұрақты қателіктер – ұзақ уақыт ішінде, мысалы барлық өлшемдер ретін орындау уақыты ішінде тұрақты болып қалатын (немесе – өзгермейтін) қателіктер. Олар жиірек кездеседі.

Прогрессивті қателіктер - үздіксіз өсетін немесе азаятын қателіктер. Оларға мысалы, белсенді бақылау аспабымен бақылау кезінде бөлшекпен түйсетін өлшеуіш ұштықтардың тозу әсерінің қателіктері.



Мерзімді қателіктер – мәні уақыттың мерзімді функциясы болып табылатын немесе өлшеуіш аспап көрсеткішінің жылжу қателіктері.

Күрделі заңмен өзгертін қателіктер бірнеше жүйелік қателіктердің бірлескен әрекетінің әсерінен болады.

Пропорционалды қателіктер – мәні өлшенетін шаманың мәніне пропорционал қателіктер.

2 Қалған жүйелік өлшеу қателігін түзетуді енгізгеннен кейін шығарылып тасталмаған жүйелік қателік (ШЖҚ) деп атайды.

3 [1]-де жүйелік өлшеу қателігін бағалау үшін ауытқу (өлшеу кезіндегі) термині қолданылады.

#### 5.20 Түзету;

*R: поправка;*

*E: correction;*

Жүйелік қателікті жою мақсатында көрсеткішке енгізілетін шама мәні.

Ескертпе – [1]-д е түзету термині – бағаланған жүйелік әсер өтемі қолданылады.

Өтем түрлі нысанда бола алады, мысалы қосымша қосынды немесе көбейткіш немесе ол тиісті кесте бойынша тұрады.

#### 5.21 Түзетуші көбейткіш;

*R: поправочный множитель;*

*E: correction factor;*

Жүйелік қателіктің әсерін жою мақсатында көрсеткішке көбейтілетін сандық коэффициент.

Ескертпе - Түзетуші көбейткіш жүйелік қателік өлшенетін шаманың мәніне пропорционал болған жағдайда қолданылады.

#### 5.22 Сенімділік шекаралары (өлшем қателігінің);

*R: доверительные границы (погрешности измерения);*

Ішінде берілген ықтималдықпен өлшеу қателігінің мәні болатын интервалдың жоғарғы және төменгі шекаралары.

Ескертпелер

1 1-ге тең ықтималдықтағы сенімділік шекараларын қателіктің шекаралары деп атайды.

2 Қателіктің сенімділік шекараларын кейде сенімділік қателігі деп қате атайды.

#### 5.23 Максималды рұқсат етілетін қателік (өлшемнің);

*R: максимальная допустимая погрешность (измерения);*

*E: maximum permissible error;*

Берілген өлшемге арналған сипаттамамен немесе нормативтік құжатпен рұқсат етілген өлшеу қателігінің максималды мәні (белгіні есепке алмай).

#### 5.24 Әдіс қателігі (өлшемнің);

*R: погрешность метода (измерений);*

*E: error of method;*

Қабылданған өлшеу әдісінің жетілмегендігіне негізделген өлшемнің жүйелік қателігінің құрамдас бөлігі.

## ҚР СТ 2.1-2018

5.25 Аспаптық қателік (өлшемнің);

*P: инструментальная погрешность (измерения);*

*E: instrumental error;*

Қолданылатын өлшем құралының қателігін білдіретін өлшем қателігінің құраушысы.

5.26 Абсолюттік қателік (өлшемнің);

*P: абсолютная погрешность (измерения);*

*E: absolute error of a measurement;*

Өлшенетін шаманың бірліктерінде көрсетілген өлшеу қателігі.

5.27 Салыстырмалы қателік (өлшемнің);

*P: относительная погрешность (измерения);*

*E: relative error;*

Абсолюттік өлшеу қателігінің өлшенетін шаманың тірек мәніне қатынасын білдіретін өлшеу қателігі.

Ескертпе - Салыстырмалы қателіктің шекараларын үлестерде немесе пайыздарда мына қатынастан анықтайды:

$$\delta = \frac{\Delta x}{x} \text{ немесе } \delta = \frac{\Delta x}{x} \times 100, \%$$

Мұнда  $\Delta x$  - абсолюттік өлшеу қателігінің шекаралары,  $x$  – шаманың тірек немесе өлшенген мәні.

5.28 Өлшемдер үлгісі; өлшемдер теңдеуі;

*P: модель измерений; уравнение измерений;*

*E: measurement model, model of measurement, model;*

Нақты өлшеу міндетіндегі шамалар арасындағы байланыс теңдеуі.

Ескертпе - Жалпы түрде өлшемдер үлгісінде  $h(Y, X_1, \dots, X_n) = 0$  теңдеуі бар, мұнда  $Y$  өлшемдер үлгісіндегі шығу шамасы, өлшенетін шама болып табылады, оның мәні  $X_1, \dots, X_n$  өлшемдер үлгісіндегі кіру шамалары туралы ақпараттан алынуы тиіс.

5.29 Өлшеуіш ақпарат;

*P: измерительная информация;*

*E: measurement information;*

Өлшемдер үлгісіне кіретін шаманың мәні туралы ақпарат.

5.30 Өлшем функциясы;

*P: функция измерений;*

*E: measurement function;*

Кіру шамаларының белгілі мәндері бойынша шығу шамасының өлшенген мәнін алу үшін қолданылатын өлшемдер үлгісі шамаларының тәуелділігі.

Ескертпелер

1 Егер  $h(Y, X_1, \dots, X_n) = 0$  өлшемдер үлгісі  $Y = f(X_1, \dots, X_n)$  болып анық түрде жазылатын болса, мұнда  $Y$  – өлшемдер үлгісіндегі шығу шамасы, онда  $f$  функциясы өлшем функциясы болады. Жалпы

жағдайда  $f$  алгоритмді білдіруі мүмкін,  $X_1, \dots, X_n$  кіру шамаларының мәндері үшін  $y = f(X_1, \dots, X_n)$  шығу шамасының тиісті жалғыз ғана мәні болады.

2 Өлшем функциясы сонымен қатар,  $Y$  шамасының өлшенген мәнімен байланысты өлшемдер дәлдігінің көрсеткіштерін (белгісіздігін) есептеу үшін қолданылады.

5.31 Кіру шамасы (өлшемдер үлгісінде);

*P: входная величина (в модели измерений);*

*E: input quantity in a measurement model, input quantity;*

Өлшенуі тиіс шама, немесе мәні өлшенетін шаманың өлшенген мәнін есептеу үшін басқа тәсілмен алынуы мүмкін шама.

**Мысалы** - Егер өлшенетін шама берілген температурадағы болат біліктің ұзындығы болып табылса, онда нақты температура, осы нақты температурадағы ұзындық және біліктің сызықтық кеңею температуралық коэффициенті өлшемдер үлгісіндегі кіру шамалары болып табылады.

Ескертпелер

1 Өлшемдер үлгісіндегі кіру шамасы көбіне өлшем құралының шығу шамасы болып табылады.

2 Өлшемдер үлгісіндегі кіру шамалары көрсеткіштер, түзетулер және әсер етуші шамалар болуы мүмкін.

5.32 Шығу шамасы (өлшемдер үлгісінде);

*P: выходная величина (в модели измерений);*

*E: output quantity in a measurement model, output quantity;*

Өлшенген мәні, өлшемдер үлгісіндегі кіру шамаларының мәндерін қолданып алынатын шама.

5.33 Әсер етуші шама;

*P: влияющая величина;*

*E: influence quantity;*

Тура өлшеуде іс жүзінде өлшенетін шамаға әсер етпейтін, алайда көрсеткіш пен өлшеу нәтижесінің арасындағы қатынасқа әсер ететін шама.

**Мысалдар**

1 Амперметрдің көмегімен ауыспалы токтың тұрақты амплитудасын тура өлшеу кезіндегі жиілік.

2 Адам қанының плазмасындағы гемоглобиннің молярлық концентрациясын тура өлшеудегі билирубиннің молярлық концентрациясы.

3 Біліктің ұзындығын өлшеу үшін қолданылатын микрометрдің температурасы, бірақ өлшенетін шаманың анықтамасына кіруі мүмкін болатын біліктің өзінің температурасы емес.

4 Заттың мольдік үлесін өлшеу уақытында масс-спектрометр иондарының көздеріндегі аялық қысым.

Ескертпелер

1 Жанама өлшем тура өлшемдердің амалдарын қамтиды, олардың әрбірі әсер етуші шамалардың ықпалында тұруы мүмкін.

2 [2]-ге әсер етуші шама түсінігі жоғарыда келтірілген анықтамадағыдай өлшем құралына әсер ететін шамаларды ғана емес, сондай-ақ іс жүзінде өлшенетін шамаға әсер ететін шамаларды да қамтиды. Бұдан басқа, [2]-ге бұл түсінік тура өлшемдермен шектелмейді.

5.34 Белгісіздік (өлшемнің);

*P: неопределенность (измерений);*

*E: measurement uncertainty, uncertainty of measurement, uncertainty;*

## ҚР СТ 2.1-2018

Өлшеу нәтижесімен байланысты және өлшенетін шамаға дәлелді жазылуы мүмкін болатын мәндердің шашырауын сипаттайтын параметр.

Ескертпе - Белгісіздік жүйелік әсерден туындайтын құрамдастарды, соның ішінде түзетулермен және эталондардың жазылған мәндерімен байланысты құрамдастарды, сондай-ақ дефинициалды белгісіздікті қамтиды. Кейде бағаланған жүйелік әсерлерге түзетулер енгізбейді, оның орнына оларды өлшеу белгісіздігінің құрамдасы ретінде қарастырады.

5.35 Стандартты белгісіздік (өлшемнің);

*P: стандартная неопределенность (измерений);*

*E: standard measurement uncertainty, standard uncertainty of measurement, standard uncertainty;*

Стандартты ауытқу ретінде көрсетілген өлшем белгісіздігі.

5.36 Жиынтық стандартты белгісіздік; жиынтық стандартты өлшем белгісіздігі;

*P: суммарная стандартная неопределенность (измерений);*

*E: combined standard measurement uncertainty, combined standard uncertainty;*

Өлшемдер үлгісіндегі кіру шамаларымен байланысты жеке стандартты өлшем белгісіздіктерінің қосындысымен алынатын стандартты өлшем белгісіздігі.

Ескертпе - Жиынтық стандартты өлшем белгісіздігін есептеу кезінде өлшемдер үлгісіндегі кіру шамаларының корреляциясы жағдайында ковариация да ескерілуі тиіс.

5.37 Кеңейтілген белгісіздік; кеңейтілген өлшем белгісіздігі;

*P: расширенная неопределенность (измерений);*

*E: expanded measurement uncertainty, expanded uncertainty;*

Жиынтық стандартты белгісіздік пен қамту коэффициентінің бір санынан үлкен туындысы.

Ескертпе - Коэффициент өлшем үлгісіндегі шығу шамасының таралу ықтималдығының түріне және таңдалған қамту ықтималдығына тәуелді.

5.38 Қамту аралығы;

*P: интервал охвата;*

*E: coverage interval;*

Берілген ықтималдықпен өлшенетін шаманың шын мәндерінің жиынтығы болатын ақпаратқа негізделген аралық.

Ескертпе

1 Егер өлшеу нәтижесі өлшенетін шаманың мүмкін мәндерінің жиынтығында ықтимал таралулардың тығыздығымен көрсетілсе, онда кез-келген мәндер аралығы үшін тиісті ықтималдық есептелуі мүмкін. Ықтимал таралу тығыздығының болуы берілген ықтималдық үшін өлшенетін шама мәндерінің аралығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай аралықтар көп, әдетте ең қысқа аралықты немесе шаманың өлшенген мәніне қатысты симметриялы аралықты алады.

2 Бұл статистикалық түсінікпен шатастырмау үшін қамту аралығын «сенімгерлік аралығымен» бірдей деп санауға болмайды.

3 Қамту аралығы кеңейтілген өлшем белгісіздігінен алынуы мүмкін.

5.39 Қамту ықтималдығы;

*P: вероятность охвата;*

*E: coverage probability;*

Өлшенетін шаманың шын мәндерінің жиынтығы көрсетілген қамту аралығында болу ықтималдығы.

Ескертпе - [2]-де қамту ықтималдығы үшін, сонымен қатар сенім деңгейі (level of confidence) термині қолданылады.

5.40 Қамту коэффициенті;

*P: коэффициент охвата;*

*E: coverage factor;*

Кеңейтілген өлшем белгісіздігін алу үшін жиынтық стандартты өлшем белгісіздігі көбейтілетін бірден артық сан.

Ескертпе – Қамту коэффициентін  $k$ -мен белгілейді.

5.41 А типі бойынша (өлшем белгісіздігін) бағалау;

*P: оценивание (неопределенности измерений) по типу А;*

*E: type A evaluation of measurement uncertainty, type A evaluation;*

Белгілі бір өлшем шарттарында алынатын шаманың өлшенген мәндерін статистикалық талдау жолымен өлшем белгісіздігінің құрамдастарын бағалау.

Ескертпе - Әртүрлі өлшем шарттарының типтері үшін – өлшемдердің қайталанушылығы, өлшемнің аралық прецизиондық шарты және өлшемнің жаңғыртылу шартын қараңыз.

5.42 В типі бойынша (өлшем белгісіздігін) бағалау;

*P: оценивание (неопределенности измерений) по типу В;*

*E: type B evaluation of measurement uncertainty, type B evaluation;*

А типі бойынша (өлшем белгісіздігін) бағалаудан ерекшеленетін басқа тәсілдермен өлшем белгісіздігінің құрамдастарын бағалау.

**Мысалы:**

- беделді жарияланымдардан алынған шама мәндерімен байланысты;
- аттестатталған стандарттық үлгінің мәнімен байланысты;
- калибрлеу сертификаттарынан алынған;
- дрейф туралы;
- салыстырып тексерілген өлшем құралының дәлдік сыныбымен байланысты;
- тәжірибе негізінде белгіленген шектерден алынған ақпаратқа негізделген бағалау.

5.43 Белгісіздік бюджеті;

*P: бюджет неопределенности;*

*E: uncertainty budget;*

Белгісіздікті құрайтын өлшем белгісіздігі, оларды есептеу және жинақтау туралы есеп.

Ескертпе – Белгісіздік бюджеті өлшемдер үлгісін, бағалауды және өлшемдер үлгісіне кіретін шамалармен байланысты өлшем белгісіздігін, ковариация, ықтималдық тығыздығының қолданылатын функцияларының түрлерін, еркіндік дәрежесінің санын, белгісіздікті бағалау типін және қамту коэффициентін қамтуы мүмкін.

5.44 Дефинициалды белгісіздік;

*P: дефинициальная неопределенность;*

*E: definitional uncertainty;*

Өлшенетін шаманы анықтау кезінде шектелген талдап тексеру нәтижесі болып табылатын өлшем белгісіздігінің құрауышы.

Ескертпелер

1 Дефинициалды белгісіздік – берілген шаманы кез-келген өлшеу кезінде өлшем белгісіздігінің практикалық минимумы болып табылады.

2 Шаманы анықтауда талдап тексерудің кез-келген өзгерісі басқа дефинициалды белгісіздікке әкеледі.

5.45 Мақсатты өлшем белгісіздігі;

*P: целевая неопределенность (измерений);*

*E: target measurement uncertainty, target uncertainty;*

Өлшем нәтижелерін мақсатты қолдануға негізделген, бұрын белгіленген өлшем белгісіздігінің жоғарғы шегі.

5.46 Салыстырмалы стандартты өлшем белгісіздігі;

*P: относительная стандартная неопределенность измерений;*

*E: relative standard measurement uncertainty;*

Өлшенген шама мәнінің модуліне бөлінген стандартты өлшем белгісіздігі.

Ескертпе - Сол сияқты салыстырмалы кеңейтілген белгісіздік де анықталуы мүмкін.

5.47 Метрологиялық үйлесімділік (өлшем нәтижелерінің);

*P: метрологическая совместимость (результатов измерений);*

*E: metrological compatibility of measurement results, metrological compatibility;*

Екі әртүрлі өлшем нәтижелерінен алынған өлшенген шама мәндерінің кез-келген жұбының айырмашылығының абсолюттік мәні, осы айырмашылықтың кейбір таңдалған еселік стандартты белгісіздігінен аз болатын, анықталған өлшенетін шамаға арналған өлшем нәтижелері жиынтығының қасиеті.

Ескертпе - Өлшем нәтижелерінің метрологиялық үйлесімділігі қателіктің шегінде табу дәстүрлі түсінігін алмастырады, ол екі өлшем нәтижесі сол бір өлшенетін шамаға жататынын немесе жатпайтынын қорытындылау үшін критерийлер береді. Егер тұрақты деп болжанатын шама өлшемдерінің сериясында өлшеу нәтижесі басқалармен үйлеспейтін болса, бұл өлшеу дәлдігін бағалау дұрыс емес немесе өлшенетін шама өлшеулер арасындағы уақыт аралығының ішінде өзгергенін білдіреді.

## **6 Өлшеуіш техника құралдары**

6.1 Өлшеуіш техника құралдары;

*P: средства измерительной техники;*

Өлшеу үшін арнайы тағайындалған техникалық құралдарды қамтитын жалпыланған ұғым.

Ескертпе - Өлшеуіш техника құралдарына өлшем құралдары, эталондар, өлшеу жүйелері, өлшеуіш қондырғылар, өлшеу керек-жарақтары, салыстыру құралдары, стандартты үлгілер және т.б. жатады.

6.2 Өлшем құралы;

*P: средство измерений;*

*E: measuring instrument;*

Өлшем жүргізуге арналған және метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал.

6.3 Өлшеуіш жүйе; ӨЖ;

*P: измерительная система; ИС;*

*E: measuring system;*

Бір немесе бірнеше шамаларды өлшеу мақсатында функционалды біріккен өлшеу объектінің әртүрлі нүктелерінде орналасқан, осы объектіге тән өлшем құралдары мен өзге өлшеуіш техника құралдарының жиынтығы.

**Мысалдар**

1 Әртүрлі энергетикалық блоктардағы шамалардың реті реті туралы өлшеу ақпаратын алуға мүмкіндік беретін жылу электр станциясының өлшеуіш жүйесі. Онда жүздеген өлшеуіш арналары болуы мүмкін.

2 Кеңістікте бір бірінен бірталай қашықтықта таратылған өлшеуіш-есептеу кешендер қатарынан тұратын әр түрлі объектілердің тұрған орнын анықтауға арналған радио навигациялық жүйе.

Ескертпе - Өлшеуіш жүйе шешілетін өлшеу міндетіне байланысты бірыңғай өлшем құралы ретінде қарастырылуы мүмкін.

6.4 Өлшеуіш қондырғы;

*P: установка (измерительная);*

*E: measuring installation;*

Бір немесе бірнеше шамаларды өлшеуге арналған, функционалды біріккен және бір орында орналасқан өлшеуіш аспаптардың, өлшеуіш түрлендіргіштердің және басқа қондырғылардың жиынтығы.

Ескертпе - Салыстырып тексеру үшін қолданылатын өлшеуіш қондырғыны салыстырып тексеру қондырғысы деп атайды. Эталонның құрамына кіретін өлшеуіш қондырғыны эталондық қондырғы деп атайды.

6.5 Өлшеуіш аспап;

*P: измерительный прибор;*

*E: indicating measuring instrument;*

Тікелей қабылдау үшін қолжетімді түрде өлшеуіш ақпараттың сигналын өндіруге арналған өлшем құралы.

**Мысалы-** Вольтметр, микрометр, термометр, электронды таразылар.

Ескертпелер

1 Өлшеуіш ақпараттың сигналын визуалды түрде көрсететін өлшеуіш аспапты көрсететін өлшеуіш аспап деп атайды.

2 Өлшеуіш ақпараттың сигналы визуалды, дыбысты немесе басқа берілген нысанда болуы мүмкін. Сондай-ақ ол бір немесе бірнеше өзге өлшем құралдарына берілуі мүмкін.

## ҚР СТ 2.1-2018

3 Өлшеуіш аспап эталон болуы мүмкін.

6.6 Өлшем құралының шкаласы; өлшеуіш аспап шкаласы;

*P: шкала средства измерений; шкала (измерительного прибора);*

*E: scale of a measuring instrument;*

Тиісті шаманың мәндерімен бірге реттелген белгілердің жиынтығын білдіретін өлшем құралының бөлігі.

6.7 Бөлік бағасы (шкаланың);

*P: цена деления (шкалы);*

*E: scale interval;*

Өлшем құралы шкаласының екі көрші белгілеріне сәйкес келетін шама мәндерінің айырымы.

6.8 Шкала ұзындығы;

*P: длина шкалы;*

*E: scale length;*

Бастапқы және соңғы белгілермен шектелген және өлшем құралы шкаласының барлық ең қысқа белгілерінің орталығы арқылы өтетін сызықтың ұзындығы.

Ескертпелер

1 Сызық шын немесе жорамал, қисық немесе түзу болуы мүмкін.

2 Шкала ұзындығы шкалада көрсетілген бірлікке тәуелсіз ұзындық бірліктерінде беріледі.

6.9 Шкаланың бастапқы мәні;

*P: начальное значение шкалы;*

Өлшем құралының шкаласы бойынша саналуы мүмкін шаманың ең кіші мәні.

**Мысалы** - Медициналық термометр үшін шкаланың бастапқы мәні 34,3 °C болып табылады.

6.10 Шкаланың соңғы мәні;

*P: конечное значение шкалы;*

Өлшем құралының шкаласы бойынша саналуы мүмкін шаманың ең үлкен мәні.

**Мысалы** - Медициналық термометр үшін шкаланың соңғы мәні 42 °C болып табылады.

6.11 Өлшем (материалдық) ;

*P: мера (материальная);*

*E: material measure;*

Оларға жазылған мәндерімен бірге бір немесе одан көп берілген тектердің шамасын пайдалану үрдісінде жаңғыртатын немесе тұрақты сақтайтын өлшем құралы.

**Мысалы** - Эталондық гир, сыйымдылық өлшемі (шама мәндерінің шкаласы бар немесе жоқ бір немесе бірнеше шама мәндерін сақтайды), эталондық кедергі, сызықтық шкала (сызғыш), ұзындықтың ұштық өлшемі, эталондық сигналдар генераторы, қаттылық өлшемдері (Моос шкаласы бойынша түрлі қаттылық минералдары), аттестатталған стандартты үлгі.



Ескертпе - Материалдық өлшем эталон болуы мүмкін.

6.12 Өлшеуіш түрлендіргіш; ӨТ;

*P: измерительный преобразователь; ИП;*

*E: measuring transducer;*

Өлшенетін шама туралы ақпаратты алу үшін және оны өңдеу, сақтау, одан әрі түрлендіру, индикациялау немесе беру үшін қолайлы түрге түрлендіру үшін жұмыс жасайтын өлшем құралы немесе оның бөлігі.

**Мысалы** - Терможұп, электрлік ток трансформаторы, тензобергіш, рН-ты өлшеуге арналған электрод, Бурдон түтікшесі, биметалл пластина.

6.13 Сезгіш элемент; алғашқы өлшеуіш түрлендіргіш; түрлендіргіш; бергіш;

*P: чувствительный элемент; первичный измерительный преобразователь; преобразователь; датчик;*

*E: sensor;*

Өлшеуіш түрлендіргіш, тікелей тасымалдағышпен материалдық нысан әсер ететін түрлендіргіш немесе өлшеуге жататын шаманың тасымалдағышы болып табылатын құбылыс.

**Мысалы** - Платина кедергі термометрінің сезгіш катушқасы, турбиналық шығын өлшегіштің роторы, манометрдегі Бурдон түтігі, деңгей өлшегіштің қалтқысы, спектрометрдің фотоэлементі, температураға тәуелді түсін өзгертетін термотропты сұйық кристалл.

Ескертпе - Құрылымдық түрде оқшауланған бастапқы түрлендіргішті немесе бастапқы және басқа да өлшеуіш түрлендіргіштердің жиынтығын бергіш деп атайды.

6.14 Детектор;

*P: детектор;*

*E: detector;*

Тиісті шамамен шектік мәннен асқан кезде өлшеу нысанының белгілі бір қасиетінің бар екенін көрсететін техникалық құрал немесе зат.

**Мысалы** – Галогенді ағуды іздегіш, лакмус қағазы.

Ескертпе – Химияда бұл түсінік үшін көбінесе индикатор термині қолданылады.

6.15 Салыстыру құралы;

*P: средство сравнения;*

*E: transfer measurement device, transfer device;*

Бір текті шамалардың өлшемдерін немесе өлшеуіш аспаптардың көрсеткіштерін бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік болатын техникалық құрал немесе белгілі бір орта.

Ескертпелер

1 Кейде техникалық құрал салыстыру функциясын қамтамасыз ететін өлшем құралымен жабдықталады.

2 [1]-де: эталондарды салыстыру құралы ретінде қолданылатын құрылғы - салыстыру құрылғысы термині қолданылады.

**Мысалдар**

## ҚР СТ 2.1-2018

1 Бір табағына эталондық гір, ал екінші табағына салыстырып тексерілетін гір қойылатын иінтіректі таразылар, оларды салыстыруға арналған құрал болып табылады.

2 Ареометрлердің көрсеткіштерін салыстыруға арналған сұйықтық градуустау үшін қажетті орта ретінде қызмет етеді.

3 Термометрдің көрсеткіштерін салыстыру үшін термостат тудыратын температуралық өріс қажетті орта болып табылады.

4 Компрессор тудыратын ортаның қысымы, салыстырып тексерілетін немесе эталондық манометрлермен бір мезгілде өлшенуі мүмкін. Эталон көрсеткіштерінің негізінде салыстырып тексерілетін аспап градусталады.

6.16 Компаратор;

*P: Компаратор;*

*E: comparator;*

Біртекті шамалардың, өлшеуіш түрлендіргіштердің және өлшеуіш аспаптардың өлшемдерін салғастыруға арналған өлшем құралы.

### **Мысалдар**

1 Иінтіректі таразылар.

2 Қалыпты элементтерді салғастыруға арналған компаратор.

6.17 Негізгі өлшем құралы;

*P: основное средство измерений;*

*E: the basic measuring instrument;*

Мәні өлшеу міндетіне сәйкес алынуы тиіс, сол шаманың өлшем құралы.

6.18 Қосалқы өлшем құралы;

*P: вспомогательное средство измерений;*

*E: auxiliary (measuring) instrument;*

Қажетті дәлдікті өлшем нәтижелерін алу үшін негізгі өлшем құралына немесе өлшем объектісіне әсерін ескеру қажет сол шаманың өлшем құралы.

**Мысалы** - Газдың температурасын осы газдың көлемдік шығынын өлшеу үрдісінде өлшеуге арналған термометр.

6.19 Өлшеуіш жабдықтар;

*P: измерительные принадлежности;*

*E: measuring accessories;*

Өлшемдерді қажетті дәлдікпен орындау үшін қажетті шарттарды қамтамасыз ететін қосалқы құралдар.

Ескертпе - Өлшеуіш жабдықтар әсер ететін шамалардың ықпалынан қорғауға арналған.

### **Мысалдар**

1 Термостат;

2 Барокамера;

3 Арнайы дірілге қарсы ірге тастар;

4 Электрмагниттік өрістердің әсерін экрандайтын құрылғылар;

5 Аспапты деңгейі бойынша бекітуге арналған шідер.

6.20 Өлшем құралының типі;

*P: тип средства измерений;*

*E: pattern of a measuring instrument;*

Құрылымы бірдей және бір техникалық құжаттама бойынша әзірленген, бір жұмыс істеу қағидасына негізделген, арналымы бір өлшем құралдарының жиынтығы.

Ескертпе - Бір типті өлшем құралдарында әртүрлі модификациялар болуы мүмкін (мысалы, өлшемдер ауқымы бойынша ерекшеленеді).

#### 6.21 Өлшеуіш тізбек;

*P: измерительная цепь;*

*E: measuring chain;*

Сезгіш элементтен көрсеткішті қалыптастыратын шығу элементіне бірыңғай жолды түзетін өлшем құралы элементтерінің тізбегі.

**Мысалы** - Микрофон, аттенюатор, сүзгі, күшейткіш және вольтметрді қамтитын электр акустикалық өлшеуіш тізбек.

#### 6.22 Реттеу (өлшем құралдарын);

*P: регулировка (средства измерений);*

*E: adjustment of a measuring instrument;*

Өлшеуге жататын шаманың берілген мәндеріне сәйкес келетін қажетті көрсеткіштерді қамтамасыз ету үшін өлшем құралына қолданылатын операциялардың жиынтығы.

Ескертпелер

1 Реттеу түрлері өлшем құралының нөлін реттеуді, жылжуды реттеу мен ауқымды реттеуді қамтиды (кейде күшейту коэффициентін реттеу деп аталатын).

2 Өлшем құралының нөлін реттеу өлшеуге жататын шаманың нөлдік мәніне сәйкес келетін нөлдік көрсеткішті қамтамасыз етеді.

#### 6.23 Индикатор;

*P: индикатор;*

Қандай да бір физикалық шаманың болуын немесе оның шектік мәні деңгейінің артуын белгілеуге арналған техникалық құрал немесе зат.

**Мысалы** - Өлшеуіш сигналдың болу (болмау) индикаторын осциллограф атқарады. Сигналдың нөлге жақындық индикаторын нөлдік немесе нөлдік-индикатор деп атайды. Химиялық реакцияларда индикатор ретінде лакмус қағаздары және басқа да заттар қолданылады. Иондаушы сәулеленуді өлшеу саласында индикатор көбінесе шектік мәнінің радиация деңгейінің артуы туралы жарық және (немесе) дыбыс сигналдарын береді.

#### 6.24 Салыстырып тексеру құралдары;

*P: средства поверки;*

Салыстырып тексеру кезінде белгіленген ережелерге сәйкес қолданылатын эталондар, салыстырып тексеру қондырғылары және басқа өлшем құралдары.

Ескертпе - Бір терминге қатысты термин жекеше түрде – салыстырып тексеру құралы қолданылуы мүмкін.

#### 6.25 Калибрлеу құралдары;

## ҚР СТ 2.1-2018

*Р: средства калибровки;*

Калибрлеу әдістемелеріне сәйкес калибрлеу кезінде қолданылатын эталондар және басқа өлшем құралдары.

6.26 Аттестатталған қоспа;

*Р: аттестованная смесь;*

Қоспа құрамын анықтайтын метрологиялық сипаттамалар мөндерімен дайындаудың есепті-эксперименттік процедурасы бойынша аттестаттау нәтижесінде белгіленген, құжатталған әдістеме бойынша дайындалған екі не одан көп заттардың (материалдардың) қоспасы.

Ескертпелер

1 «Аттестатталған ерітінді (АЕ)» терминологиялық мақаланы қолдануға болады.

2 Аттестатталған қоспа газдардың қоспасы, ерітінділер, суспензия, қорытпалар, дисперстік материалдардың (заттардың) механикалық қоспасы және т.б. түрінде бола алады.

6.27 Өлшем құралы типінің модификациясы;

*Р: модификация типа средств измерений;*

Өндірушінің өлшем құралына енгізетін өзгерісі, ол өзгеріс оның кейбір метрологиялық және техникалық сипаттамаларын, тағайындалуын немесе қолданылу саласын өзгертеді (немесе өзгерте алады).

6.28 Өлшем құралдарының тип өлшемді қатары;

*Р: типоразмерный ряд средств измерений;*

Бір типтің шегінде орналасқан, бірақ олардың әрқайсысы үшін өлшем ауқымдарының, дәлдік көрсеткіштерінің және/немесе басқа параметрлерінің қайталанбайтын тіркесі белгіленген өлшем құралдарының екі немесе одан көп түрлерінің қатары.

6.29 Салыстырып тексеру таңбасы;

*Р: поверительное клеймо;*

Өлшем құралдарын салыстырып тексерудің оң нәтижелерін куәландыру мақсатында өлшем құралдарына және/немесе пайдалану құжаттамасына оның бедерін басу үшін қызмет ететін белгі.

6.30 Сынау жабдығы;

*Р: испытательное оборудование;*

Нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, ықпал ететін шарттарды жаңғыртуға арналған техникалық құрал.

## 7 Өлшем құралдарының қасиеттері мен метрологиялық сипаттамалары

7.1 Метрологиялық сипаттама (өлшем құралының); МС;

*Р: метрологическая характеристика (средства измерений); МХ;*

*Е: metrological characteristic of a measuring instrument;*

Өлшеу нәтижесіне әсер ететін, өлшем құралы қасиеттерінің бірінің сипаттамасы.

Ескертпе - Өлшем құралының әрбір типі үшін өзіндік метрологиялық сипаттамаларды белгілейді.

7.2 Нормаланатын метрологиялық сипаттамалар (өлшем құралы типінің);

*P: нормируемые метрологические характеристики (типа средства измерений);*

*НМХ;*

*E: rated metrological characteristics of a measuring instrument type;*

Өлшем құралдарына арналған нормативтік құжаттарда бекітілген өлшем құралының берілген типінің метрологиялық сипаттамаларының жиынтығы.

7.3 Дәлдік сипаттамалар (өлшем құралының);

*P: точностные характеристики (средства измерений);*

*E: accuracy characteristics of a measuring instrument;*

Өлшеу дәлдігіне әсер ететін өлшем құралының берілген типінің метрологиялық сипаттамаларының жиынтығы.

Ескертпе - Дәлдік сипаттамаларға өлшем құралының қателігі, тұрақсыздық, сезгіштік шегі, нөлдік жылжу және т.б. жатады.

7.4 Дәлдік (өлшем құралының);

*P: точность (средства измерений);*

*E: accuracy of a measuring instrument;*

Өлшем құралы қателігінің нөлге жақындығын көрсететін өлшем құралының сапасы.

Ескертпе - Қателік аз болған сайын, өлшем құралы да соншалықты дәл болып саналады.

7.5 Дәлдік сыныбы;

*P: класс точности;*

*E: accuracy class;*

Ереже бойынша, өлшем құралдарының дәлдік деңгейін көрсететін және дәлдік сипаттамаларымен анықталатын осы өлшем құралдарының берілген типінің жалпылама сипаттамасы.

Ескертпелер

1 Дәлдік сыныбы әдетте, келісім бойынша қабылданған санмен немесе таңбамен белгіленеді.

2 Дәлдік сыныбы өлшемдерді орындаған кезде осы типтің өлшем құралдарының аспаптық қателіктерінің немесе аспаптық белгісіздіктерінің мәндері туралы жорамалдауға мүмкіндік береді.

3 Дәлдік сыныбы материалдық өлшемдерге қолданылады.

7.6 Өлшем құралының қателігі;

*P: погрешность средства измерений;*

*E: error (of indication) of a measuring instrument;*

Өлшем құралының көрсеткіші мен шаманың белгілі тірек (нақты) мәнінің арасындағы айырмашылық.

## ҚР СТ 2.1-2018

7.7 Рұқсат етілетін қателіктің шегі (өлшем құралының);  
*P: предел допускаемой погрешности (средства измерений);*  
*E: limit of error;*

Өлшем құралдарының берілген типі үшін нормативтік құжатпен белгіленетін, ол сондай-ақ метрологиялық дұрыс деп танылатын өлшем құралы қателігінің ең үлкен мәні (белгіні есепке алмай).

Ескертпе - Әдетте, рұқсат етілетін қателіктің шектері, яғни қателік шықпауы тиіс аралықтың төменгі және жоғарғы шекаралары белгіленеді.

7.8 Өлшем құралының жүйелік қателігі;  
*P: систематическая погрешность средства измерений;*  
*E: systematic error of a measuring instrument;*

Тұрақты немесе заңды өзгертінді қабылдайтын өлшем құралының қателігін құраушы.

Ескертпе - Берілген өлшем құралының жүйелік қателігі, әдетте, өлшем құралының сол типінің басқа данасының жүйелік қателігінен айырмашылығы болады, соның салдарынан бір типті өлшем құралдарының топтары үшін жүйелік қателік кейде кездейсоқ қателік ретінде қаралуы мүмкін.

7.9 Өлшем құралының кездейсоқ қателігі;  
*P: случайная погрешность средства измерений;*  
*E: random error of a measuring instrument;*

Кездейсоқ түрде өзгертін өлшем құралының қателігін құраушы.

7.10 Өлшем құралының абсолюттік қателігі;  
*P: абсолютная погрешность средства измерений;*  
*E: absolute error of a measuring instrument;*

Өлшенетін шаманың бірліктерінде берілген өлшем құралының қателігі.

7.11 Өлшем құралының салыстырмалы қателігі;  
*P: относительная погрешность средства измерений;*  
*E: relative error of a measuring instrument;*

Өлшем құралының абсолюттік қателігінің өлшенетін шаманың тірек мәніне қатынасымен көрсетілген өлшем құралының қателігі.

7.12 Келтірілген қателік (өлшем құралының);  
*P: приведенная погрешность (средства измерений);*  
*E: reduced error of a measuring instrument;*

Өлшем құралының абсолюттік өлшем қателігінің шаманың нормалаушы мәніне қатынасымен анықталған өлшем құралының қателігі.

Ескертпелер

1 Көбінесе нормалаушы мәнге өлшемдер ауқымының ең жоғарғы мәнін немесе өлшемдер ауқымының жоғарғы немесе төменгі мәндерінің арасындағы айырманы қабылдайды.

2 Келтірілген қателік әдетте пайыздарда көрсетіледі.

7.13 Негізгі қателік (өлшем құралының);  
*P: основная погрешность (средства измерений);*  
*E: intrinsic error of a measuring instrument;*

Қалыпты шарттарда қолданылатын өлшем құралының қателігі.

7.14 Қосымша қателік (өлшем құралының);  
*P: дополнительная погрешность (средства измерений);*  
*E: complementary error of a measuring instrument;*

Қандай да бір әсер етуші шамалардың қалыпты мәнінен ауытқуы салдарынан немесе мәнің қалыпты аумағының шегінен шығуы салдарынан негізгі қателікке қосымша туындайтын өлшем құралының қателігін құраушы.

7.15 Статикалық қателік (өлшем құралының);  
*P: статическая погрешность (средства измерений);*  
 Тұрақты шаманы өлшеу үшін қолданылатын өлшем құралының қателігі.

7.16 Динамикалық қателік (өлшем құралының);  
*P: динамическая погрешность (средства измерений);*  
 Динамикалық режимдегі өлшем құралының қателігі мен берілген уақыт сәтіндегі шама мәніне сәйкес келетін оның статикалық қателігінің арасындағы айырмашылық.

7.17 Бақылау нүктесіндегі қателік;  
*P: погрешность в контрольной точке;*  
*E: datum measurement error, datum error;*

Берілген өлшенетін шаманың мәндеріне арналған өлшем құралының немесе өлшеуіш жүйенің қателігі.

7.18 Нөлдің қателігі;  
*P: погрешность нуля;*  
*E: zero error;*

Берілген өлшенетін шаманың мәні нөлге тең болғанда, бақылау нүктесіндегі өлшем құралының қателігі.

7.19 Нөлдің өлшем белгісіздігі;  
*P: неопределенность измерений нуля;*  
*E: null measurement uncertainty;*

Берілген өлшенетін шаманың мәні нөлге тең болғандағы өлшем белгісіздігі.

Ескертпелер

1 Нөлдің өлшем белгісіздігі нөлдік көрсеткішпен немесе нөлге жақын көрсеткішпен байланысады және өлшенетін шама анықталатындай тым аз болып табыла ма немесе өлшем құралының көрсеткіші тек шуылмен ғана туындағаны екендігі белгісіз аралықты қамтиды.

2 Нөлдің өлшем қателігі түсінігі сонымен бірге, өлшеулер кезінде үлгі және ая үшін айырмашылық алынғанда қолданылады.

## ҚР СТ 2.1-2018

7.20 Өлшемнің қателігі;  
*P: погрешность меры;*

Өлшемнің номиналды мәні мен ол жаңғыртатын шаманың тірек мәнінің арасындағы айырмашылық.

7.21 Құралдық жылжу;  
*P: инструментальное смещение;*  
*E: instrumental bias;*

Шаманың орташа қайталама көрсеткіштері мен тірек мәнінің арасындағы айырмашылық.

7.22 Құралдық белгісіздік;  
*P: инструментальная неопределенность;*  
*E: instrumental measurement uncertainty;*

Қолданылатын өлшем құралына немесе өлшеуіш жүйеге негізделген өлшем белгісіздігін құраушы.

Ескертпелер

- 1 Құралдық белгісіздікті, әдетте бұл үшін басқа тәсілдері қолданылатын бастапқы эталонды қоспағанда, өлшем құралын немесе өлшеуіш жүйені калибрлеу кезінде анықтайды.
- 2 Құралдық белгісіздікті В типі бойынша өлшем белгісіздігін бағалау кезінде қолданады.
- 3 Құралдық белгісіздікке қатысты ақпарат өлшем құралының сипаттамасында келтірілуі мүмкін.

7.23 Көрсеткіш;  
*P: показание;*  
*E: indication;*

Өлшем құралы немесе өлшеуіш жүйе қалыптастыратын шаманың мәні.

Ескертпелер

- 1 Көрсеткіш көбінесе ұқсас шығыстар үшін дисплейдегі сілтеме, цифрлық шығулар үшін бейнеленген немесе басып шығарылған сан, кодтық шығу сигналдары үшін кодтық комбинация түрінде немесе материалдық өлшемдер үшін шаманың жазылған мәні түрінде беріледі.
- 2 Өлшенетін шаманың көрсеткіші мен тиісті мәні міндетті түрде бір текті шамалардың мәндері болып табылмайды.

7.24 Аялық көрсеткіш;  
*P: фоновое показание;*  
*E: blank indication, background indication;*

Өлшенетін шама бұл көрсеткішке үлес енгізбейтінін көрсететін шарттардағы көрсеткіш.

7.25 Көрсеткіштер ауқымы;  
*P: диапазон показаний;*  
*E: indication interval;*

Шкаланың алғашқы және соңғы мәндерімен шектелген, өлшеуіш аспап шкаласы мәндерінің аумағы.



Ескертпе - Кейбір салаларда көрсеткіштер аралығы термині қолданылады.

7.26 Номиналды ауқым; номиналды көрсеткіштер ауқымы;

*P: номинальный диапазон (показаний);*

*E: nominal indication interval, nominal interval;*

Өлшем құралын белгілі бір реттеу кезінде қол жеткізілген және осы реттеуді белгілеу үшін қолданылатын, шаманың дөңгелектелген және жуықталған бастапқы және соңғы мәндерінің арасындағы шама мәндерінің жиынтығы.

Ескертпе - Кейбір салаларда номиналды аралық термині қолданылады.

7.27 Номиналды қарқын; номиналды көрсеткіштер қарқыны;

*P: номинальный размах (показаний);*

*E: range of a nominal indication interval;*

Шаманың номиналды көрсеткіштер ауқымының шекті мәндері арасындағы айырмашылықтың абсолюттік мәні.

7.28 Шаманың номиналды мәні;

*P: номинальное значение величины;*

*E: nominal quantity value, nominal value;*

Өлшем құралына жазылған, оны қолданған кезде нұсқаулыққа алынуы тиіс шаманың дөңгелектелген немесе жуықталған мәні.

**Мысалы** - Номиналды мәні 1 Ом кедергілер, номиналды мәні 1 кг гірлер, сақтау кезінде Цельсий бойынша жоғарғы температура боатын -20 °С. Көбінесе, номиналды мән өлшемде көрсетіледі.

Ескертпе - Әзірлеу кезінде өлшемге немесе өлшемдер партиясына жазылған шаманың мәнін өлшемнің номиналды мәні деп атайды.

7.29 Өлшемнің нақты мәні;

*P: действительное значение меры;*

*E: conventional true value of a material measure;*

Калибрлеу немесе салыстырып тексеру негізінде өлшемге жазылған шаманың мәні.

**Мысалдар**

1 Масса бірлігінің бастапқы эталонының құрамына массасының номиналды мәні 1 кг болатын платина-иридийлік гірлер кіреді, оның массасының нақты мәні, Халықаралық өлшемдер мен салмақтар бюросында сақталатын халықаралық килограмм эталонымен халықаралық салғастыру нәтижесінде алынған 1,000000087 кг құрайды.

2 минус 10 В-дан 10 В дейінгі номиналды көрсеткіштер ауқымы үшін номиналды көрсеткіштер қарқыны 20 В құрайды.

7.30 Ықпал ететін шамадан туындаған вариация;

*P: вариация, вызванная влияющей величиной;*

*E: variation due to an influence quantity;*

Әсер ететін шама реттілікпен екі әртүрлі мәндерді қабылдауына байланысты болып табылатын өлшенетін шаманың берілген мәніне арналған көрсеткіштер айырмашылығы.

## ҚР СТ 2.1-2018

7.31 Көрсеткіштер вариациясы (өлшеуіш аспаптың);

*P: вариация показаний (измерительного прибора);*

Өлшенетін шаманың кіші және үлкен мәндері тарапынан осы нүктеге бірқалыпты жақындағанда өлшемдер ауқымының сол бір нүктесіндегі өлшеуіш аспап көрсеткіштерінің айырмашылығы.

Ескертпе - Сезімталдығы жоғары (әсіресе электронды) өлшеуіш аспаптарда вариация басқа мағынаға ие болады және орташа мәндер төңірегінде оның көрсеткіштерінің ауытқуы ретінде ашылуы мүмкін (көрсеткіш «дем алады»).

7.32 Жауап беру уақыты;

*P: время отклика (при скачкообразном воздействии);*

*E: stepresponse time;*

Өлшем құралының немесе өлшеуіш жүйенің кірісіндегі шаманың мәні белгілі бір деңгейге (мәнге) дейін күрт өзгерген сәттен бастап, өлшем құралының немесе өлшеуіш жүйенің тиісті көрсеткіші белгіленген соңғы мәнге жеткен және берілген шектерде қалатын сәтке дейінгі уақыт аралығы.

7.33 Құралдық дрейф;

*P: инструментальный дрейф;*

*E: instrumental drift;*

Өлшем құралының метрологиялық сипаттамаларының өзгерістерінен туындаған, уақыт бойынша көрсеткіштердің үздіксіз немесе сатылық өзгеруі.

Ескертпе - Құралдық дрейф өлшенетін шаманың өзгеруіне де, кез-келген анықталған әсер ететін шаманың өзгеруіне де байланысты емес.

7.34 Өлшемдер ауқымы; жұмыстық ауқым;

*P: диапазон измерений; рабочий диапазон;*

*E: measuring interval, working interval;*

Аспаптық белгісіздігі көрсетілген немесе белгілі бір шарттардағы дәлдік көрсеткіштері көрсетілген берілген өлшем құралымен немесе өлшеуіш жүйемен өлшенуі мүмкін болатын бір текті шама мәндерінің жиыны.

Ескертпелер

1 Кейбір салаларда өлшеу аралығы немесе өлшемдер аралығы термині қолданылады.

2 Өлшем ауқымының төменгі шекарасын анықтау шегімен шатастыруға болмайды.

7.35 Мүмкіндік;

*P: разрешение;*

*E: resolution;*

Тиісті көрсеткіштің елеулі өзгерісінің себебі болып табылатын өлшенетін шаманың ең кіші өзгерісі.

Ескертпе – Мүмкіндік шуылға (өзіндік немесе сыртқы) немесе үйкеліске тәуелді болуы мүмкін. Ол сонымен қатар өлшенетін шаманың мәніне тәуелді болады.

7.36 Өлшеуіш аспаптың алғырлық мүмкіндігі;

*P: разрешающая способность измерительного прибора;*

*E: resolution of a displaying device;*

Елеулі ажыратыла алатын көрсеткіштер арасындағы ең кіші айырмашылық.

7.37 Анықтау шегі;

*P: предел обнаружения;*

*E: detectionlimit, limitofdetection;*

Материалда құрамдастың жоғы туралы қате бекіту ықтималдығы  $\beta$ -ға тең, ал оның бар екені туралы қате бекіту ықтималдығы  $\alpha$ -ға тең болатын, берілген өлшеу әдістемесіне сәйкес алынған шаманың өлшенген мәні.

Ескертпелер

1 Термин сандық химиялық талдау саласында кең қолданылады, онда көбіне  $\alpha$  және  $\beta$  мәндерін әдепкіде 0,05-ке тең деп қабылдайды.

2 Сызғыштық және сызғыштық табалдырығы терминдерін анықтау шегі үшін қолдануға болмайды.

7.38 Талғамдылық;

*P: избирательность;*

*E: selectivity of a measuring system, selectivity;*

Осы шама мәндерінің бір-біріне және өлшеу объектісінің әсер ететін шамаларының тәуелсіздігінен тұратын, бір немесе бірнеше өлшенетін шамалардың өлшенген мәндерін алу үшін белгіленген өлшеу әдістемесі бойынша қолданылатын өлшем құралының немесе өлшеуіш жүйенің қасиеті.

**Мысалдар**

1 Иондаушы сәулеленуге арналған өлшеуіш жүйенің басқа сәулеленулер болған кезде осы сәулеленуге әсер тету мүмкіндігі.

2 Өлшеуіш жүйенің Яффе әдісі бойынша қан плазмасындағы креатиннің мольдік концентрациясын глюкоза, урат, кетон және ақуыздар тарапынан әсер етпей өлшеу мүмкіндігі.

Ескертпе - Химияда өлшеуіш жүйенің талғамдылығын әдетте, концентрациясы белгілі бір аралықтарда жататын өлшеу объектісінің белгілі құрамдастарына сәйкес келетін шамалар үшін алады.

7.39 Сызғыштық (өлшем құралының);

*P: чувствительность (средства измерений);*

*E: sensitivity of a measuring system, sensitivity;*

Өлшем құралы көрсеткіштері өзгерістерінің осы өзгерісті тудыратын өлшенетін шамаға қатынасы.

Ескертпе - Абсолюттік және салыстырмалы сызғыштық болады. Абсолюттік сызғыштықты  $S = \Delta I / \Delta x$  формуласы бойынша, салыстырмалы сызғыштықты  $S_0 = \Delta I / (\Delta x / x)$  формуласы бойынша анықтайды, мұнда  $\Delta I$  – көрсеткіштер өзгерісі,  $x$  – өлшенетін шама,  $\Delta x$  – өлшенетін шаманың өзгерісі.

7.40 Сызғыштық табалдырығы (өлшем құралының);

*P: порог чувствительности (средства измерений);*

*E: discrimination threshold;*

## ҚР СТ 2.1-2018

Шама өзгерісінің осы өлшем құралымен оны өлшеуді жүзеге асыру мүмкін болатын мәннен басталатының кіші мәні.

Бұл өлшем құралы арқылы өлшенетін мәндегі өзгерістің ең кіші мәні.

Ескертпелер

1 Егер таразылардың меңзерінің жылжуын тудыратын массаның ең кішкентай өзгерісі 10 мг-ні құраса, онда таразылардың сезгіштік табалдырығы 10 мг-ға тең.

2 Сезгіштік табалдырығы шуылға немесе өлшенетін шаманың мәндеріне тәуелді болуы мүмкін.

3 7.39 және 7.40 көрсетілген терминдерден басқа, іс жүзінде, сонымен қатар жауап беру және жауап беру табалдырығы, өлшем құралының қозғалғыштығы және қозғалғыштық табалдырығы, істен шығу және әдістен шығу табалдырығы терминдері қолданылады. Кейде шекті сезгіштік термині қолданылады. Бұл өлшем құралының қасиеттеріне байланысты ұғымдарды білдіру терминологиясы өлшенген шамалардың кіші өзгерістеріне жауап беру үшін әлі де реттелмегенін көрсетеді.

4 [1]-де жауап беру табалдырығы: тиісті көрсеткіштің елеулі өзгерісін тудырмайтын өлшенетін шама мәнінің ең үлкен өзгерісі термині қолданылады

7.41 Өлшем құралының сезбейтін аймағы; өлі аймақ;

*P: зона нечувствительности средства измерений; мертвая зона;*

*E: dead band;*

Өзгеруі өлшем құралы көрсеткіштерінің елеулі өзгерісін тудырмайтын шектерде өлшенетін шама мәндерінің ауқымы.

7.42 Өлшемдердің тұрақтылық шарттары;

*P: условия стабильности измерений;*

*E: steady state condition;*

Өлшем құралын немесе өлшеуіш жүйені калибрлеу кезінде белгіленген метрологиялық сипаттамалар пайдалану кезінде сақталатын өлшем шарттары.

Ескертпе - Өлшемдердің тұрақтылық шарттарында өлшем құралының метрологиялық дұрыстығы сақталады.

7.43 Өлшемдердің қалыпты шарттары;

*P: нормальные условия (измерений);*

*E: reference operating condition; reference condition;*

Өлшем құралының немесе өлшеуіш жүйенің сипаттамаларын бағалау үшін немесе өлшеу нәтижелерін салыстыру үшін жазылған өлшем шарттары.

Ескертпелер

1 Өлшемдердің қалыпты шарттары әсер ететін шама мәндерінің қалыпты аумағымен сипатталады. Өлшемдердің қалыпты шарттары нақты типтегі өлшем құралына арналған нормативтік құжаттарда немесе оларды салыстырып тексеру (калибрлеу) кезінде белгіленеді.

2 Қалыпты шарттарда өлшем құралының қателігі өлшем құралының негізгі қателігі деп аталады.

3 Қалыпты шарттар, белгіленген белгісіздік немесе қателік ең кіші болатын өлшем шарттарына жатады.

4 [1]-де қалыпты шарттарды белгілегенде, сондай-ақ өлшенетін шама мәндерінің аймағы келтіріледі.

7.44 Қалыпты мән (әсер етуші шаманың);

*P: нормальное значение (влияющей величины);*

Әртүрлі шарттарда орындалған сол бір шаманы өлшеу нәтижелері келтірілетін әсер етуші шаманың мәні.

7.45 Өлшемдердің нормаланған шарттары; өлшемдердің жұмыс шарттары;

*P: нормированные условия измерений; рабочие условия измерений;*

*E: rated operating condition;*

Өлшеу уақытында өлшем құралы немесе өлшеуіш жүйе өзінің арналымына сәйкес жұмыс істеуі үшін орындалуы тиіс өлшем шарттары.

Ескертпелер

1 Өлшемдердің нормаланған шарттары әсер етуші шамалардың жұмыс аймағымен сипатталады.

2 Әсер етуші шама мәндерінің қалыпты аймақ шегінен шығуы салдарынан негізгі қателікке қосымша туындайтын өлшем құралының қателігін құраушыны қосымша қателік деп атайды.

3 [1]-де өлшемдердің нормаланған шарттарын белгілегенде, сондай-ақ өлшенетін шама мәндерінің аймағы белгіленеді.

7.46 Өлшемдердің шектік шарттары;

*P: предельные условия (измерений);*

*E: limiting operating condition;*

Егер олар соңында өздерінің нормаланған қалыпты шарттарында қолданатын болса, өлшем құралы немесе өлшеуіш жүйе метрологиялық сипаттамаларды бұзбай және нашарлатпай ұстай алатын, өлшенетін және әсер етуші шамалардың айрықша мәндерімен сипатталатын өлшем шарттары.

7.47 Метрологиялық жарамдылық (өлшем құралының);

*P: метрологическая исправность (средства измерений);*

Өлшем құралының барлық нормаланатын метрологиялық сипаттамалары белгіленген талаптарға сәйкес келетін өлшем құралының күйі.

7.48 Метрологиялық сенімділік (өлшем құралының);

*P: метрологическая надежность (средства измерений);*

Өлшем құралының метрологиялық дұрыстығын сақтау бөлігіндегі өлшем құралының сенімділігі.

7.49 Метрологиялық жарамсыздық (өлшем құралының);

*P: метрологический отказ (средства измерений);*

Өлшем құралының метрологиялық сипаттамасының белгіленген шектерден шығуы.

**Мысалы** - Егер 0,01 дәлдік сыныпты өлшем құралының қателігі 0,01 %-дан асатын болса, онда ол метрологиялық жарамсыздық болғанын білдіреді және өлшем құралы бұрын бекітілген дәлдік сыныбына сәйкес келмейді. Егер техникалық бұзылулар белгіленбесе, онда өлшем құралына басқа төмен дәлдік сыныбы беріледі.

7.50 Өлшем құралының тұрақтылығы;

*P: стабильность (средства измерений);*

*E: stability of a measuring instrument, stability;*

Уақыт ішінде метрологиялық сипаттамалардың өзгермеуін сипаттайтын өлшем құралының қасиеті.

## ҚР СТ 2.1-2018

Ескертпе - Тұрақтылықты түрлі тәсілдермен сандық түрде көрсетуге болады.

### *Мысалдар*

1 Метрологиялық сипаттамасы белгіленген мән бойынша өзгерген уақыт аралығының ұзақтығын көрсету.

2 Өлшем құралының тұрақсыздығы деп аталатын белгіленген уақыт аралығындағы сипаттаманың өзгеруін көрсету.

7.51 Нөлдік ауытқу;

*P:* смещение нуля;

*E:* zero displacement;

Нөлге тең кіру сигналында нөлден өзге өлшем құралының көрсетуі.

Ескертпе – Меңзердің механикалық меңзерлері бар аспаптар шкаласының нөлден ауытқуы ретінде байқалатын «механикалық нөлден ауытқу» және аспаптардың нөлдік кіру сигналында шығу сигналының болуы ретінде байқалатын «электрлік нөлден ауытқу» деп бөлінеді.

7.52 Өлшем құралының салыстырып тексеру аралығы;

*P:* межповерочный интервал средства измерений;

Екі кезекті жүзеге асырылатын мерзімді салыстырып тексеру арасындағы уақыт аралығы.

## 8 Эталондар

8.1 Эталон (единицы величины или шкалы измерений);

*K:* эталон (шама бірлігінің немесе өлшемдер шкаласының);

*E:* measurement standard, etalon;

Уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен бекітілген, мөлшерін осы шаманың басқа өлшем құралдарына беру мақсатында, шама бірлігін (шама бірлігінің еселік не үлестік мәндерін) жаңғыртуға және (немесе) сақтауға арналған өлшем құралы.

### Ескертпелер

1 [1]-те келесі эталон термині қолданылады: шаманың белгіленген мәні және салыстыру үшін негіз ретінде қолданылатын онымен байланысты өлшем белгісіздігі бар берілген шаманы анықтауды іске асыру.

2 «Берілген шаманы анықтауды іске асыру» өлшем құралымен, материалдық өлшеммен немесе стандартты үлгімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

3 Эталонның метрологиялық сипаттамалары өлшем құралдарының метрологиялық сипаттамаларымен (мысалы, дәлдік және тұрақтылық сипаттамалары) бірдей болады.

8.2 Шама бірлігін жаңғырту;

*P:* воспроизведение единицы (величины);

Шама бірлігін алғашқы эталонның көмегімен материалдандыру бойынша операциялар жиынтығы.

Ескертпе - [1] шама бірлігін жаңғыртудың үш тәртібін қарастырады. Біріншісі оның анықтамасына сәйкес өлшем бірлігін физикалық жүзеге асырудан тұрады (дәлме-дәл жаңғырту). Екінші тәртібі физикалық құбылысқа негізделген, мысалы, метрді жаңғырту кезінде жиілік бойынша тұрақтандырылған лазерлерді, вольт үшін Джозефсон эффектінің, Ом үшін Холл кванттық эффектінің қолданған жағдайда тұрақтылығы жоғары эталонды қолданудан тұрады. Үшінші тәртібі эталон ретінде материалдық өлшемді қабылдаудан тұрады. Бұл, мысалы, 1 кг эталон жағдайында орын алады.

## 8.3 Негізгі бірлікті жаңғырту;

*P: воспроизведение основной единицы;*

Бірліктің анықтамасына сәйкес өлшемі бойынша белгіленген шаманы құру жолымен бірлікті жаңғырту.

## 8.4 Туынды бірлікті жаңғырту;

*P: воспроизведение производной единицы;*

Берілген туынды бірлік пен негізгі бірліктер арасындағы байланыс теңдеуіне сәйкес шама бірлігін жаңғырту.

## 8.5 Хранение единицы;

*K: бірлікті сақтау;*

*E: unit storage ;*

Берілген эталонмен жаңғыртылатын, сақталатын және берілетін бірлік өлшемінің өзгермеуін қамтамасыз ететін операциялар жиынтығы.

Ескертпе – Бірлікті сақтау міндетті техникалық талаптар мен эталонды ұстау және қолдануға қойылатын талаптар сақталғанда жүзеге асырылады.

## 8.6 Шама бірлігін беру;

*P: передача единицы величины;*

*E: transfer of the size of unit;*

Өлшем құралымен сақталатын шама өлшемін, осы шама бірлігінің эталонымен немесе стандартты үлгімен жаңғыртылатын немесе сақталатын шама бірлігіне келтіру.

## 8.7 Шама өлшемінің шкаласын беру;

*P: передача шкалы (измерений) (величины);*

Өлшемдер шкаласын (немесе оның бөлігін) оның сипаттамасына сәйкес қайта жасауға бағытталған операциялар жиынтығы.

## 8.8 Эталонды сақтау; эталонды ұстау;

*P: Хранение эталона; содержание эталона;*

*E: conservation of a measurement standard, maintenance of a measurement standard;*

Эталондарға қойылатын міндетті метрологиялық және техникалық талаптарды, сонымен бірге оларды ұстау және қолдануға қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар жиынтығы.

## Ескертпелер

